



ЭКОНОМИКАНЫ ЫРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасының 23-ші министрлік конференциясына қатысу үшін Астанаға келген Азия даму банкінің президенті Масацугу Асакавамен кездесті.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманды Қазақстан мен Азия даму банкінің нәтижелі қарым-қатынасының 30 жылдығымен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз қаржы институтымен өзара ықпалдастықтың стратегиялық сипатын, сондай-ақ банктің ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға және ұлттық қаржы жүйесін нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын айтты.

Азия даму банкі 1994-2024 жылдар аралығында Қазақстанда жалпы сомасы 7 миллиард долларға жуық жобаларды қаржыландырды. Атап айтқанда, банк Батыс Қытай – Батыс Еуропа халықаралық көлік дәлізін салуға, сондай-ақ Ақтөбе – Қандыағаш жолын қайта жөндеуге қатысты.

Қазақстан Президенті жаңа басым бағыттар бойынша бірлескен шараларды одан әрі жалғастырудың маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қазақстанда экономиканы ырықтандыру, ин-

вестициялық ахуалды жақсарту және еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру үшін қажетті жағдай жасау жұмыстары жалғасып жатқанын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы декарбонизациялау өзара іс-қимылдың перспективті салаларының бірі екеніне тоқталды.

Өз кезегінде Масацугу Асакава еліміздің экономикалық реформалары мен орнықты даму жолындағы табысын оң бағалады. Сонымен қатар банктің Қазақстанмен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға, соның ішінде инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік саланы жетілдіру және инвестициялық ахуалды нығайту бағытындағы ірі жобаларға қатысуға дайын екенін растады.

Азия даму банкі президентінің сапары аясында жалпы құны 300 миллион доллардан асатын «Қызылорда – Жезқазған» автожолының құрылысын қаржыландыру туралы келісімге қол қою жоспарланып отыр.



ПРЕЗИДЕНТ ҰШАҒЫ: САЛЫМЫ МОЛ САПАРЛАР

Қазақ «жүргенге жөргем ілінеді» дейді. Ұлт танымындағы бұл ұғым әдетте белсенді болуға, алыс-берісті нығайта беруге үндейтіндей көрінетіні бар. Мемлекет басшысының сапарларына қатысты да осылай деуге болады. Айталық, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы он күнде екі мемлекеттік сапарға шығып, бір саммитке қатысты. Ресми кездесулер мен ірі басқосуларда 6 елдің президентімен, бір елдің премьер-министрімен жолықты. Біздің пайымдауымызша, Мемлекет басшысының әр сапары Қазақстанның дамуын жеделдетіп, ел ішіндегі һәм аймақтағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған қадам болса керек.

→ 11

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ ТӨЛЕМДІ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ



Елімізде бірнеше жылдан бері мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі артып, цифрлық инновациялар белсенді түрде енгізіліп келеді. Әсіресе, соңғы үш жылда мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді басқаруға және ыңғайлы сервистер құруға бағытталған көптеген цифрлық шешім іске қосылуда. Жақында Астанада өткен Digital Finance Day шеңберінде таныстырылған жобалар – сөзіміздің жарқын мысалы.

→ 4

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ӨТЕМАҚЫ КҮТІП ЖҰР, АҚМОЛАНЫҢ ШАРУАСЫ



→ 6

ТОЛҚЫННАН ТОЛҚЫН ТУАДЫ...



→ 16

БАСПАСӨЗ-2025



AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне

2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	Қала	Ауыл
				15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



САЯСАТ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНАТ

СЕНАТ

СОТ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ
АШЫҚТЫҒЫ МЕН ӘДІЛДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда Орталық сайлау комиссиясының жаңа мүшесі тағайындалды. Сондай-ақ депутаттар бастамашы болған сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру туралы заң қаралды.

Отырыс барысында сенаторлар Сенаттағайындаған Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Анастасия Щегорцованың өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты оның өкілеттігін тоқтату және қызметінен босату туралы мәселені қарады. Регламентке сәйкес бұл мәселені Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті алдын ала талқылап, өз қорытындысын әзірлеген болатын. Ашық дауыс беру арқылы депутаттар бұл шешімді қолдады.

Сенат Спикері аталған лауазымға коммуникация саласында мол тәжірибесі бар, Ақпарат министрлігінде және «Хабар» агенттігінде жауапты басшылық қызметтер атқарған Ләззат Сүйіндіктің кандидатурасын ұсынды. Сенаторлар ұсынысты қолдап, Ләззат Сүйіндік ОСК мүшесі болып тағайындалды.

Сонымен қатар отырыс барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң екі оқылымда қаралды. Айта кетейік, биылғы маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы дербес кассациялық соттар құруды және олардың сот актілерін қарау жөніндегі өкілеттіктерін қарастырады. Осыған байланысты бүгін қаралған заң арқылы Қылмыстық-процестік кодекске, Азаматтық процестік

кодекске, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске және басқа да бірқатар заңға тиісті түзетулер енгізу көзделіп отыр.

Сондай-ақ Жоғарғы Соттың заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық сатыда қарағаннан кейін оларды қайта қарау тәртібі енгізіледі. Мәселен, Жоғарғы Сотта істерді қайта қарау Жоғарғы Сот судьясының ұсынуы немесе Бас прокурордың наразылығы бойынша айрықша жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Ал әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағым жасалғаннан кейін заңды күшіне енеді.

Бұл жерде заң нормаларына сәйкес азаматтық және қылмыстық істер бойынша кассациялық сатыда істерді алдын ала қарау алынып тасталды. Кассациялық сотта алты айдан аспайтын мерзімде қылмыстық және азаматтық істерді қайта қарау, сондай-ақ азаматтардың өтініштерін рәсімдеуді оңайлату бойынша да бірқатар шара қарастырылған.

Депутаттар атап өткендей, кассациялық сатыға қолжетімділікті кеңейту үшін 2027 жылғы 1 шілдеден бастап талап қою сомасы 2000 АЕК-тен кем болған жағдайда жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30 000 АЕК-тен кем болғанда заңды тұлғалардың мүлдіктік мүдделеріне байланысты даулар бойынша, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар бойынша шектеулер алынып тасталды.

«Мақұлданған заң Мемлекет басшысының сот жүйесін реформалау жөніндегі тапсыр-

масын іске асыру мақсатымен әзірленді. Заңға Парламент депутаттары бастамашы болды. Осы заң аясында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді кассациялық сатыда қарау тәртібіне қатысты өзгерістер топтамасы қарастырылған. Бұл түзетулер Мемлекет басшысының тапсырмасымен келесі жылы құрылатын үш дербес кассациялық соттардың қызметімен байланысты. Атап айтқанда, кассациялық тәртіпте істерді қараудың негіздері, шарттары және мерзімдері қайта қаралды. Судьялардың тәуелсіздігін және олардың жауапкершілігін күшейтуге арналған ережелер де бар. Алдағы уақытта заң сот процестерінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге оң септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан басқа, палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Андрей Лукин Курчатов қаласының базасында ғылыми қалашық құру мәселесін қарастыру және заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жасады.

Дархан Қыдырәлі балалар мен жасөспірімдер спортының дамуына кедергі келтіретін проблемаларды атап өтіп, футболға қатысты жағдайларға ерекше назар аударды. Депутат аталған бағыттағы мәселелерге тоқталып, инфрақұрылым, жаттықтырушыларды даярлау және легионерлерге қатысты лимит белгілеу жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Геннадий Шиповских жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жұмыспен қамту және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін көтерді. Сенатор қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың жеткілікті деңгейде тиімді емес екенін айтып, мәселені шешуді көздейтін бірқатар шараға тоқталып өтті.

Амангелді Нұрманов Ақтөбе облысының кейбір ауылдарында пошта бөлімшелерінің жабылуына алаңдаушылық білдірді. Депутаттың пікірінше, бұл шешім зейнеткерлер мен көрші елді мекендерге баруға мәжбүр болатын жәрдемақы алушыларға кері әсерін тигізеді.

Амангелді Толамисов жоғары оқу орындарының «лигасына» қатысты проблемаларға назар аударып, осы бағыттағы бірқатар рәсімді қайта қарау қажет екенін айтты. Сондай-ақ ол аталған саладағы сын-қатерлерді де атап өтті.

МӘЖІЛІС

«КЕЛЕШЕК»
БАҒДАРЛАМАСЫН
ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Бірінші оқылымда депутаттарға ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер мен дене шынықтыру және спорт туралы заң жобасын қарау ұсынылады.

Заң жобасында Қазақстан Президентінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауын іске асыру аясында әзірленген «Келешек» бірінші ерікті жинақтау жүйесінің қызметін құқықтық реттеуді көздейтін нормалар қарастырылған. Бұл бағдарлама Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің қолданыстағы алаңында жүзеге асырылып, ата-аналар мен мем-

лекеттің бірлескен күшімен балалардың білім алу мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді.

Депутаттар дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша да кейбір нормаларды жетілдірді. Тиісті заң жобасы спорттың басым түрлерін анықтау және оларды қаржыландыру, спорт түрлерін ранжирлеу жүйесін алып тастау, сондай-ақ мемлекет пен дене шынықтыру және спорт субъектілері арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуге бағытталған.

Сонымен қатар Мәжіліс жаңа заң жобаларын жұмысқа алады. Олардың ішінде креативті индустрияларды қолдау және дамыту, мұрағат ісі мәселелері бойынша заңнамалық жаңалықтар, сондай-ақ бірқатар халықаралық келісімді ратификациялау бар.

БІЛІКТІ МАМАНДАР
ТАПШЫЛЫҒЫН ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Ақмола облысы Аршалы ауданында көшпелі отырыс өткізді. Сенаторлар өңірдегі өндіріс нысандары мен білім беру мекемелерінің жұмысымен танысты. Бұл кездесу алдағы «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ұлттың өркендеуінің негізі» тақырыбы бойынша өтетін парламенттік тыңдауға дайындық аясында ұйымдастырылып отыр.

«Жергілікті жерде нақты жағдайды көзбен көріп, кадрлық мәселелерді терең талдау — біздің басты мақсатымыз. Білікті мамандар тапшылығын шешу — бүгінгі күннің басты міндеті. Әрбір жұмыс орнының қажетіне сәйкес кадр даярлау үшін білім беру жүйесі мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту қажет», — деді Нұртөре Жүсіп.

Комитет мүшелері көшпелі отырыс барысында «Ижевский» өндірістік кооперативі, «Питковский» шаруа қожалығы, агротехникалық колледж, SG Brick кірпіш зауыты және SG Beton темірбетон бұйымдарын шығару зауытын аралады. Сапар барысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің өзекті мәселелері, оның ішінде кадрлық қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларын жаңарту, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайту талқыланды.

Әсіресе, өндіріс талабына сәйкес мамандар даярлау, әлеуметтік топтама мен ынталандыру шараларын енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сенаторлар сондай-ақ кәсіби стандарттарды жаңарту, цифрлық технологияны енгізу және аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін инфрақұрылымдық қолдауды дамытудың маңыздылығын атап өтті. Парламентшілердің айтуынша, бұл сапар алдағы ақпанда өтетін парламенттік тыңдауға дайындықтың маңызды кезеңі ретінде қарастырылады. Тыңдаудың басты мақсаты — еңбек нарығын дамыту және кадр тапшылығын жою мәселелерін талқылау арқылы елдің экономикалық әлеуетін нығайту және тұрақты дамуға ықпал ету.

БАҒДАР

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНТЕНТТІ КӨБЕЙТУ ҚАЖЕТ

«АМАНАТ» партиясы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі МІРАС республикалық кеңесі отырыс өткізіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және ұрпақ тәрбиесінде ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің маңызы талқыланды.



Отырыстың ашылуында сөз алған Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтіп, бұл құндылықтардың қазіргі жаһандық процестер мен жаңа қоғамдастыққа ықпалын сөз етті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып келеді. Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Президентіміз жастардың рухани дамуын жоғары құндылықтар ретінде көретінін атап өтті. Өскелең ұрпақтың рухани сауатты, саналы әрі салауатты болуы — қоғамның басты мәселесі және бұл назардан тыс қалмауға тиіс. Қазіргідей жаһандану заманында жат құндылықтар мен керғар идеологиялардың жастарға әсері айтарлықтай күшейіп келеді. Жастарымызға дұрыс бағыт-бағдар беру жолында ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтарды дәріптеу — аса маңызды міндет болып отыр», — деді Аманжол Әлтай.

Жиын барысында Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында елдің барлық өңірлерінде арнайы медиа жоспарлар әзірленгенін және түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін атап өтті. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға ел зиялылары мен қоғам белсенділері де атсалысуда. Министрлік бүгінгі ақпараттық күн тәртібін ұлттық құндылықтар негізінде құрып, оны әлеуметтік және дәстүрлі медиада кеңінен насихаттауға баса назар аударуда.

«Өздеріңіз білетіндей, қазір медиа саланың адамдардың көзқарастарына әсері мол. Осыған орай, министрлік еліміздің ақпараттық күн тәртібін ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді, ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына сіңірудің ма-

ңыздылығын ескере отырып жүргізуде. Бұл бағытта өңірлерде арнайы медиа жоспарлар әзірленіп, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізетін сарапшы спикерлер пулы құрылды. Түрлі форматтағы материалдар дәстүрлі және әлеуметтік медиа желілерінде кеңінен таралуда. Республика театрларында да қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын насихаттайтын қойылымдар басымдыққа ие болып келеді», — деп мәлімдеді Айзада Құрманова.

Ал Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан отырыста биыл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жанартылып, оған 10 мемлекеттік органның күші біріктірілгенін айтты. Бұл бағдарлама арқылы балалар мен жасөспірімдерге ұлттық құндылықтарды жеткізу және тәрбиелеудің біртұтас идеологиялық жүйесін қалыптастыру көзделген.

— «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы» жобасы іске асырылып, қазақ әдебиетінің әртүрлі кезеңдерін қамтитын 1770 кітаптың тізімі жасалды. Бұл жоба арқылы оқушылардың кітап оқу дағдыларын арттырып, қазақ әдебиеті мен мәдениетін жақын таныстыру көзделген. Тізімді дайындау барысында М.Әуезов атындағы Әдебиет институты, Ұлттық академиялық кітапхана және басқа да беделді ұйымдар жұмылдырылды, — деп атап өтті Еділ Оспан.

Жиын барысында айтыскер ақын Серікзат Дүйсенғазы қазақ тілінде мультфильмдердің жетіспеушілігіне назар аударып, қазақ фольклорындағы кейіпкерлерді балаларға насихаттаудың маңыздылығына тоқталды.

«Қазақша мультфильмдердің тапшылығы өзекті мәселе. Біздің халық ертегілер мен бағырлар жырына бай, онда ұрпаққа үлгі боларлық ерекше

кейіпкерлер жетерлік. Соған қарамастан, бүгінде қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлерді насихаттайтын мультфильмдердің саны өте аз. Әсіресе, балалар қазақ тіліндегі контентке қарағанда басқа тілдегі мультфильмдерді көп көреді. Бұл жағдайды өзгерту үшін Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі бірігіп, мультфильмдер мен балаларға арналған контентке қолдау көрсетуді қолға алуға тиіс. Осы мәселені Үкіметке жеткізу керек деп санаймын», — деді Серікзат Дүйсенғазы.

Театр режиссері Асхат Маемиров болса, балаларға арналған шығармалар мен мультфильмдерді қолдау үшін арнайы гранттар бөлудің маңызды екенін атап өтті.

«Балаларға арналған шығармашылық жобалар мен мультфильмдерге, көркем фильмдерге арнайы гранттар бөлінсе, олардың ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы рөлі арта түсер еді. Бұл жұмыстар тек Ақпарат және мәдениет министрлігінің құзыретіне ғана кірмей, Оқу-ағарту министрлігінің де тікелей жауапкершілігіне жүктелуі керек деп ойлаймын», — деді Асхат Маемиров.

Бұдан бөлек, жиын барысында жазушы, қоғам қайраткері Алдан Смайыл, ақын Оңайгүл Тұржан және жазушы-драматург Роза Мұқанова ұлттық тәрбие, оның ұрпақ санасына тигізер терең әсері жайында пікірлерін ортаға салды. Қатысушылар қоғамда тамыры тереңге жайылған дәстүрлі құндылықтарды ұлықтаудың маңыздылығын ерекше атап өтіп, ұрпақтар сабақтасығын сақтау жолында аянбай еңбек ету қажеттігіне тоқталды.

«Әр ұлттың рухани тірегі — өз тілі, өз мәдениеті. Құндылықтарымызды сақтап қалу болашаққа деген жауапкершіліктің белгісі. Ұлттық тәрбие тамыры тереңде жатқан мәдениетіміз бен әдебиетімізден суындайды, ал оны сақтап, насихаттау — әрбіріміздің парызымыз», — деді Алдан Смайыл.

Жалпы, отырыс барысында ұлттық тәрбие мен құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру, мәдениетті қолдау шараларын күшейту бағытында бірқатар ұсыныстар мен бастамалар талқыланды. Кеңесте көтерілген мәселелер ұлттық мәдениет пен тәрбиені нығайтудың маңыздылығын тағы бір айқындады.



Заманбек АМАНБЕКОВ, мұғалім:

«МҰҒАЛІМ TALKS» – ЖАҢА ИДЕЯЛАРҒА ЖОЛ АШАТЫН КӘСІБИ ПЛАТФОРМА

— Заманбек мырза, сіз «Мұғалім Talks» платформасына қатысып, өзіңіздің тәжірибеніңізді бөлісіп, орта білім жөнінде мазмұнды баяндама жасадыңыз. Қалай ойлайсыз, орта білім жүйесінде бізге не қажет? Нені жетілдіруіміз керек?

— Әрине, орта білім саласындағы түйткілді сұрақтарға қатысты өз ойымды бөлісуге қуаныштымын. Бүгінде жалпы орта білім жүйесінде бізге жаңашылдық пен технологиялық дайындық қажет. Әлемдік білім стандарттарына сәйкес болу үшін оқушыларға заманауи білім беру әдістерін енгізу — аса маңызды қадам. Жетістіктеріміз бар: қазақстандық оқушылар халықаралық олимпиадаларда, түрлі байқауларда үздік нәтижелер көрсетіп жүр, бұл біздің білім беру жүйеміздің әлеуетін көрсетеді. Дегенмен ауыл мектептерінің мүмкіндіктерін кеңейту, пәндік біліммен қатар өмірлік дағдыларды дамыту, оқушыларды сыни ойлауға және креативті шешімдер қабылдауға үйрету саласында әлі де жұмыс қажет.

Сондай-ақ мұғалімдерге үздіксіз кәсіби қолдау көрсету және олардың құзыретін арттыру да аса маңызды. Білім беру тек пәндерді оқыту емес, ол балаларды жаңа әлемге бейімдеп, өздерінің болашағын қалыптастыруға көмектесетін кешенді үдеріс. Сол себепті бізге барлығын қамтитын, жан-жақты дамуы көздейтін білім беру тәсілі керек.

— Сіздің ойыңызша, қазіргі мектеп бағдарламасының қандай негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері бар?

— Қазіргі мектеп бағдарламасының артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы айтар болсақ, мен өзгерістерді қолдаймын. Себебі өзгеріс — даму, ал даму болмаса, қоғамның алға жылжуы қиын. Қазіргі бағдарламаның басты артықшылықтары — технологиялардың дамуына бейімделу, функционалды сауаттылық пен сыни ойлауды дамыту, сондай-ақ оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталғандығы. Бағдарлама оқушыларға тек ақпаратты жаттап алу емес, оны қолдануға мүмкіндік беретін дағдыларды үйретуге ұмтылады.

Дегенмен мектеп бағдарламасында кейбір кемшіліктер де бар. Ол — білімнің кейде тым теориялық болып, практикалық дағдыларға аз көңіл бөлінуі. Бағалау жүйесінің қатандығы мен мұғалімдердің жаңа әдіс-тәсілдерге толық дайын болмауы да қиындықтар туғызуы мүмкін.

Жалпы, менің ойымша, жаңа технологиялар мен әдістемелерді енгізу — уақыт талабы. Өзгерістердің басты мақсаты — оқушыларды өмірге қажетті дағдылармен қаруландырып, олар-

ды әлемдік деңгейде білім алуға дайындау.

— Бүгінгі қоғамда мұғалім мәртебесі мен оның әлеуметтік беделін қалай көтеруге болады?

— Мұғалімнің мәртебесін көтеру үшін, ең алдымен, оның адал еңбегі мен кәсібилігі маңызды. Менің тәжірибемнен көргенімдей, мұғалімнің өз еңбегімен ғана өз мәртебесін жасауға болатыны анық. Алайда бұл үшін қоғам мен мемлекет тарапынан қолдау қажет. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру үшін оларға үздіксіз білім алу мүмкіндігі мен жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету қажет. Жалақысын көтеру және әлеуметтік жағдайын жақсарту да маңызды, себебі бұл мұғалімдерге өз жұмысын лайықты атқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалімнің еңбегін қоғам дұрыс бағалап, олардың жетістіктерін насихаттау маңызды. Ата-аналармен және оқушылармен сенімді әрі құрметке негізделген қарым-қатынас орнату да мұғалімнің беделін арттырады. Жалпы, мұғалім өз мәртебесін өз еңбегімен жасаса да, қоғам мен мемлекет тарапынан қолдау көрсе, оның беделі айтарлықтай өседі.

— Мұғалімдердің біліктілігін қалай жетілдіруге болады? Осы туралы не айтар едіңіз?

— Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру үшін бірнеше негізгі бағыттарды ұстану қажет. Біріншіден, үздіксіз білім беру мен курстарға қатысу маңызды: мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар мен инновациялық құралдарды үйрету үшін кәсіби даму курстарын ұйымдастыру қажет. Екіншіден, тәжірибелік оқыту мен семинарлар өткізу арқылы мұғалімдердің нақты білім беру дағдыларын жақсартуға болады. Үшіншіден, әріптестермен тәжірибе алмасу мен коучинг жүйесін дамыту мұғалімдерге жаңа идеялар мен әдістерді енгізуге көмектеседі. Сонында мұғалімдердің жеке зерттеу және жобалар жүргізуіне мүмкіндік беру, шығармашылық пен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. «Білімді болу — артық емес, бірақ сол білімді қолдана білу — шеберлік» деген нақылды ұстану арқылы мұғалімдер өз кәсіби-ліктерін арттырып, білім беру сапасын жақсартып алады. Сонымен қатар «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген Абай атамyzдың сөзі мұғалімнің үздіксіз даму жолындағы басты бағыт болуға тиіс. Жаңа білім мен дағдыларды меңгеру мұғалімнің ғана емес, қоғамның да дамуына ықпал етеді.

Сіздер арқылы «Мұғалім Talks» платформасында өз ойымды жеткізуге мүмкіндік берген «АМАНАТ» партиясы басшылығына алғысымды жеткізім келеді.

НАРЫҚ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Елімізде бірнеше жылдан бері мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі артып, цифрлық инновациялар белсенді түрде енгізіліп келеді. Әсіресе, соңғы үш жылда мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді басқаруға және ыңғайлы сервистер құруға бағытталған көптеген цифрлық шешім іске қосылуда. Жақында Астанада өткен Digital Finance Day шеңберінде таныстырылған жобалар – сөзіміздің жарқын мысалы.


А **Кәмила**
ЕРКІН

Атап айтар болсақ, шара аясында Салықтық әкімшілендірудің бірыңғай цифрлы платформасы, Smart Data Finance, «Электрондық мемлекеттік сатып алу» ақпарат жүйесі, Кәсіпкердің бірыңғай жеке кабинеті, Тауарлардың цифрлы каталогі мен E-Qazyna платформасы сынды бірнеше цифрлы өнімнің артықшылықтары көпшілікке таныстырылды. Бұл жүйелер салық төлеушілердің түрлі санаттарына мемлекеттік қызметтерді тез әрі ыңғайлы жолмен қолдануға, сондай-ақ импорттан немесе өндірістен бөлшек саудаға және экспортқа дейінгі тауарлар тізбегін қашықтан бақылап, тәуекелдерді азайту мен ашықтықты арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржы нарығының алпауыттары бас қосқан айтулы жиында Қаржы вице-министрі Әсет Тұрысов әлемдік нарықта экономикалық процестерді цифрландырудың маңызы туралы сөз етті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында бірнеше рет барлық салада цифрландыруды енгізудің маңыздылығын айтып, тиісті міндеттер жүктегенді. Қазіргі әлемде цифрландыру кез келген экономиканың орнықты дамуының маңызды элементіне айналып отыр. Біздің міндетіміз – мемлекеттік қаржы жүйесінің және онымен байланысты барлық процестің қолжетімділігін күшейтіп, ашық және азаматтардың ыңғайлығына бағдарланған қызметті жолға қою», — деді ол.

Мемлекеттік қаржының цифрлық трансформациясы қызмет көрсетудің жаңа деңгейін қамтамасыз етуге көмектеседі.



ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ

тердің цифрлық валюталары, электрондық ақша, крипто-активтер және тұрақтылық активтері бар деп жариялады. Астанада өткен жиында осы аталған активтердің арасында цифрлық теңгеге қатысты Ұлттық банк өкілі құнды мәліметтер берді. Мәселен, бүгінде отандық қаржы нарығының айналымында шамамен 38 млрд цифрлық теңге бар екені белгілі болды. Ал қаржы реттеуші бұл көлемді жыл соңына дейін 200 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланғанын жария етті. Қазірдің өзінде сандық валюта ұғымының аясы жай ғана сәнді тренд болудан кеңейе түсті. Себебі дүниежүзіндегі көптеген орталық банк ішкі нарықта белсенді түрде цифрлық валюта енгізуді жалғастырып келеді. Қытайдағы цифрлық юань сөзімізге жақсы дәлел бола алады.

Ұлттық банк өкілі Бинұр Жәленовтың айтуынша, келесі жылы цифрлық еуро бойынша соңғы шешім шығарылмақ, қазір ол пилоттық сатыда. Ал Ресейде цифрлық рубль өз жұмысын 2022 жылы бастағанымен, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап нарыққа енгізу туралы жарияланды. Бинұр Жәленов цифрлық валютаның негізгі рөлі трансшекаралық төлемдерді жеңілдету және жеделдету екенін атап өтті.

«Бұл бастамалардың себебі трансшекаралық төлемдерді тиімді ету мақсатында

ТӨЛЕМДІ
ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

жасауға рұқсат беретіндей етіп орнатылуы мүмкін. Егер бұл шарттар орындалмаса, төлем өтпейді. Бұл тұжырымдама «смарт-келісімшартқа» ұқсас. Бағдарламалаудың екі негізгі түрі бар: біріншісі — демократиялық escrow, яғни оқиға бойынша төлем жасалса, екіншісі — белгілі бір шарттар орындалған кездегі төлем.

Бұл шарттарды тиімді орнату үшін мемлекеттік дерекқорлар мен реестрлер секілді анықтамалық ақпарат көздері қажет. Бағдарламалаудың бұл екі түрі Ұлттық банктің пилоттық жобаларында жүзеге асырылады. Мысалы, қараша айында банк «ҚазАгроҚаржымен» бірлесіп эмиссиялық субсидияларды қайтару жөніндегі жобаны іске қосады. Мұнда техника белгілі бір ақпараттық жүйенің деректеріне сәйкес рәсімделген жағдайда ғана ақша төленеді. Жақында іске қосылған әлеуметтік әмиян жобасы да даму сатысында. Ұлттық банк азамат қызметті алғанын растағаннан кейін қазынадан қызмет көрсетушілерге қаражатты автоматты түрде аударуды қамтамасыз ету үшін интеграциялануды қолдайды.

Бағдарламалаудың екінші түрі күрделірек және қаражатты мақсатты пайдалануға қатысты. Қараша айында банк Батыс Қазақстанда пилоттық жобаны іске қосуды жоспарлап отыр, онда жол құрылысына ақша тек белгілі бір маршруттарға және тиісті лицензиялары бар мердігерлер арасында жұмсалуды мүмкін. Пилоттық жоба нәтижелері жыл соңында жарияланады. Сонымен қатар Ұлттық қордан қаражатты мақсатты пайдалану бойынша жоба екі бастамада іске асырылуда.

Атап айтқанда, осы жылдың маусым айында Достық — Мойынты теміржолын қаржыландырудың алғашқы траншы іске қосылды. Бұл жоба барысында цифрлық ақша бағдарламасы рельстерге бөлінген қаражатты тек соңғы рельс өндірушісінен сатып алу үшін пайдалануға болатындай етіп орнатылған. Бұл — қаражатты мақсатты пайдаланудың жарқын мысалы. Себебі ол — анықтамалық дереккөздерді қажет ететін ауқымды әрі күрделі міндет. Соған қарамастан, Ұлттық банк бірте-бірте алға жылжымыз деген сенім білдірді.

Одан бөлек, қазан айында мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесіп ҚҚС әкімшілендіру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Жобаның мәні мынада: экспорттаушы цифрлық теңгемен шот ашады және осы валютада есеп айырысу кезінде 12% ҚҚС автоматты түрде аударылады. Бұл цифрлық теңге маркаланыды. Оны бюджетке төлеу үшін пайдалануға немесе ҚҚС тізбегінің басқа қатысушыларына беруге болады. Бұл Мемлекеттік кірістер комитетіне ҚҚС бойынша транзакциялардың толық ашық болуын және ҚҚС қайтару уақытын 70-75 жұмыс күнінен үш есеге, ал болашақта одан да көп мерзімге қысқартуға мүмкіндік береді.

«Осындай көптеген жобалар жүзеге асырылуда және олар келесі жылы қолжетімді болады деп күтеміз. Бірақ цифрлық теңгені сәтті енгізу үшін дұрыс ақпарат көздерінің болуы маңызды», — деп атап өтті ҰБ өкілі.

Жиын барысында Б.Жәленов Үкіметпен серіктестікте Ұлттық банк GovTech пен цифрлық теңге арасындағы синергияға қол жеткізу үшін осындай критерийлерді әзірлеуді жоспарлап отырғанын хабарлады. Оның пікірінше, бұл мемлекеттік шығындардың тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Halyk Bank Қаржы министрлігімен өзара байланыс тәжірибесімен бөлісті. Банктің Halyk govtech платформасындағы мемлекеттік органдармен ынтымақтастығы нәтижесінде қазақстандықтар 43 миллионнан астам мемлекеттік қызметті пайдаланған. Оның ішінде екі миллионға жуығы — Қаржы министрлігі ұсынған қызметтер. Halyk Bank басқарма төрағасының орынбасары Нариман Мұқышевтың айтуынша, қазір Halyk Govtech арқылы 59 мемлекеттік қызмет алуға болады.

«Біз әрқашан жаңа қызметтерді таңдау кезінде тұтынушыларымыздың қажеттіліктеріне назар аударамыз. Мысалы, олар мобильді қосымша арқылы 250 және 270 нысандары бойынша салық декларацияларын өте тез және оңай тапсыра алады. Биылғы жылы жалпыға бірдей декларациялау процесіне бес миллионға жуық адам қатысатынын, ал келесі жылы олардың саны 13 миллионға дейін өсетінін ескерсек, біз бұл қызметке ерекше назар аудардық. Басты мақсатымыз — процесті мүмкіндігінше қарапайым және қолжетімді ету үшін ыңғайлы және тиімді декларация құралдарын ұсыну», — деді Нариман Мұқышев.

Осыдан 7-8 жыл бұрын мемлекеттік қызметкерлер расында салық декларациясын тапсыру үшін Мемлекеттік кірістер департаментіне арнайы барып, тіпті кейбірі кеңесшілердің қызметіне жүгінетін. Қаржы саласындағы технологиялық мүмкіндіктер азаматтар үшін бұл қызметті жүзеге асыру жолдарын жеңілдетіп бергені анық. Дегенмен Halyk мемлекеттік сервистерді цифрландыру департаменті директорының м.а. Дамир Иралимовтың сөзінше, көптеген қазақстандық декларацияны толтыру кезінде қиындықтарға тап болған көрінеді. Оның айтуынша, кей азаматтар қалай декларация тапсыруды білмейді.

«Цифрлық форматтағы қызметтердің өзектілігі қазір аса жоғары. Біз мобильді қосымша арқылы қолжетімді мемлекеттік қызметтер саны бойынша алға шықтық. Алайда бұдан басқа, мемлекеттік органдармен ынтымақтастықта шағын, орта бизнес және жеке тұлғалар үшін түрлі сервистер әзірленуде», — деді ол.

Біз әрқашан жаңа қызметтерді таңдау кезінде тұтынушыларымыздың қажеттіліктеріне назар аударамыз. Мысалы, олар мобильді қосымша арқылы 250 және 270 нысандары бойынша салық декларацияларын өте тез және оңай тапсыра алады.

Бұл бизнестің дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. Қаржы министрлігінің мәлімдеуінше, мұндай жобалар шешім қабылдау кезінде адами факторды жоюға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және манипуляция мүмкіндіктерін азайтуға бағытталған. Осы арқылы азаматтар мен бизнестің мемлекеттік жүйеге деген сенімін нығайту көзделген.

Халықаралық валюта қорының мәлімдеуінше, соңғы уақытта цифрлық технологиялар қаржы саласында ауқымды өзгерістің туындауына негіз болып отыр. Өйткені байланыс саласындағы сандық технологияның жетістіктері цифрлық ақшаның және басқа да қаржы технологияларының жаңа нысандарының таралуына түрткі болды. Ұйым жана цифрлық қолма-қол активтердің қатарында орталық банк-

орталық банктердің цифрлық валюталарға баса назар аударуы болып отыр. Өйткені ол мұндай төлемдерді арзан әрі жылдам жолмен жасауға мүмкіндік бермек. Бүгінде айналымда шамамен 38 млрд цифрлық теңге бар, оның негізгі бөлігі мемлекеттік төлемдер үшін пайдаланылады. Ұлттық қор аясында біз бұл көлемді жыл соңына дейін 200 млрд теңгеге дейін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Цифрлық теңгені Қаржы министрлігі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтер, Мемлекеттік кірістер комитеті, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі сияқты мемлекеттік органдардың қатысуымен сегіз түрлі сценарийде сынап көреміз», — деп атап өтті сарапшы.

Мысалы, цифрлық теңге бағдарламасы белгілі бір тауарлар немесе қызметтер үшін тек белгілі бір уақыт ішінде транзакция

ТҮЙТКІЛ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

ТӘРТІПТІ БИРЖА – ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ



NASDAQ, LONDON Stock Exchange, MGEX Миннеаполис астық биржасы, COMEX Нью-Йорк тауар биржасы, Commodities Exchanges of Turkey, Чикаго тауар-шикізат биржасы... Бәрі несімен танымал? Мұндай жаһандық алып биржалар мұнай-газ, метал, астық басқа өнімнің әлемдік бағасын белгілейді, халықаралық нарықты реттейді. Ал қазақстандық тауар биржалары несімен танылды? Сұйытылған мұнай газының бағасын еш негізсіз екі еседей күрт көтеріп, 2022 жылы қаңтар толқуларына түрткі болды. Содан мемлекет оларды тәртіпке келтіретін реформа бастады. Заң жаңа жылда күшіне енуге тиіс.

А **Елдос**
СЕНБАЙ

КАЛТА-БИРЖА ҚАЛАЙ КЕМЕЛ БОЛАДЫ?

Қазақстанда алғашқы тауар биржасы тек ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығының соңында құрылды. Құрылмайтын ба еді, оны шенеуніктер қолдан жасады. 2008 жылы Алматы өңірлік қаржы орталығы мен ресейлік «Фондовая биржа РТС» ААҚ-ы бірлесіп, Алматыда «Еуразиялық сауда жүйесі» (ЕТС) тауар биржасы» АҚ-ын тіркеді. Алайда ондағы тұңғыш электронды сауда-саттық тек 2009 жылдың 30 наурызында өтті. Оны Премьердің сол кездегі орынбасары Серік Ахметов салтандатып түрде ашып берді. Саудада елдің 50 ірі элеваторында сақтаулы тұрған үшінші сыныптағы бидай сатылды.

Содан бері сарапшылар болмаса, тауар биржаларының не бітіріп жатқаны туралы былайғы жұрт естімеді. Олардың жаман атағы 2022 жылғы Қасіретті қаңтар оқиғаларына байланысты шығып, жер жара жаздады. Жағдайға Президенттің араласуына тура келді. Қ.Тоқаев 2022 жылғы 5 қаңтарда Ақордада арнайы әрі шұғыл кеңес өткізіп, әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін халыққа маңызды өнімдердің биржа арқылы сатылуына тоқтау салды. Сұйытылған мұнай газы (автогаз), бензин, дизель бағасына 180 күнге мемлекеттік реттеу енгізілді.

Содан кейін ғана құзырлы органдар қимылға келіп, тауар биржаларын жаппай тексере бастады, талай былықтың шетін шығарды. Мысалы, заң бойынша тауар биржасының жарғылық капиталы 300 мың АЕК (2022 жылы бұл 918,9 миллион теңге) болса жеткілікті.

«Салдарынан, нарықта «қалта биржалары» белең алды. Тіпті, кеңсесі жоқ, әлдебір тұлғаның жеке пәтерінде тіркеле салған биржалар болды. Олар толығымен клиенттеріне тәуелді және биржалық, бәсекелі сауда қағидатын дискредитациялады. Алайда оларды жазалау мүмкін емес, себебі формальды түрде жарғылық капиталына қойылған талапты сақтайды. Клиенттері тарапынан олардың

қызметіне шағым түспейді. Салдарынан, уәкілетті орган олардың қызметін тексере алмайды», — деп түсіндірді Сауда және интеграция министрлігінің сарапшылары.

Сорақысы сол, 1 миллиардтай жарғылық капиталдың ақша болуы міндетті емес. Оны әралуан актив түрінде енгізуге рұқсат. Соның кесірінен, олар жарғылық капиталы ретінде сантүрлі мүлікті, тіпті биржалық қызметті жүргізуде қолданылатын бағдарламалық қамтылымды енгізді. Көптеген активінің өтімділік-ликвидтілігі төмен аукционға шығарса, ешкім алмайтын заттар екені әшкереленді.

Тағы бір былығы сол, «қалта-биржалар» нақты бір клиенттерінің ғана тапсырысын орындайды, олардың қарсыластарын қатарға қоспау үшін қолдан келгенін бәрін жасайды. Олар «бөтен» брокерлердің өз биржасында аккредитациялануы үшін аса қатал талаптар қояды, көп жарна талап етеді, тіркелмеуі үшін қаптаған кедергі орнатады. Салдарынан, мұндай биржалардың брокерлерінің тізімі өте қысқа.

— Мұның бәрі тауар биржалардағы адал бәсекелестікті шектейді, олардың өзге ойыншылардың назарынан тыс, көзінен таса жүретін сауда-саттығы көлеңкелі. Оның бірқатары сатушылар мен сатып алушылардың аз шоғыры үшін ғана сауда ұйымдастырады. Сол мақсатта ашылған. Оларды «қалта-биржалар» («карманные» биржи) деп атайды. Сондай-ақ баспанада тіркелгендері бар, оларды «пәтер биржалары» деп атайды. Бұған қоса, биржалық сауданың біршама тәуелсіз, бірақ өте әлжуаз ойыншылары жетерлік, олар сауда өткізу шартын бекітуде клиент ұсынған кез келген шартқа келісе салуға дайын, — деді министрлік сарапшылар.

АНТИМОНОПОЛИСТІҢ АЙТАРЫ БАР

Тауар биржаларына антимонополиялық органның да тағар айыбы көп. Ведомство сарапшыларының түсіндіруінше, мысалы, көмір өндіруші кәсіпорындар әлі күнге «қалта-биржаларды» немесе кез келген шартқа «құлдық» дейтін клиентсіз биржаларды пайдаланып, көмірді үлкен көлемде

өнімсіз делдалдарына сатады. Осы арқылы салықтан жалтаруы мүмкін. Өндірген көмірін арзанға бағалап, бюджетке одан аз салық төлейді. Артынша шикізатты жетегіндегі өз делдалы арқылы жылу-электр орталықтарына, стансаларға, халыққа қымбатқа өткізіп, ылан-ойран пайдаға кенеледі.

«Бұл ретте өнімсіз делдалдардың сонша мол көмірді сақтайтын инфрақұрылымы да жоқ. Қоймалардың оларға қажеті жоқ, өйткені шикізатты әрі қарай басқа делдалдарға — көмір операторларына сатады. Осылар ғана көмірді бірден кеніштен алып, тұтынушыларына жеткізеді. Бүкіл көмірді биржада көтерме сатып алатын өнімсіз делдалдардың жолай алатын үстемесі 100%-ға дейін жетеді. Осының кесірінен өңірлік көмір операторларына өнім қымбат күйде жетеді, олар тікелей әрі арзанға алу үшін жер қойнауын пайдаланушылармен контракт бекіте алмайды», — деді Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің мамандары.

Олар бір мысал келтірді: ешқандай инфрақұрылымы жоқ және көмір операторы саналмайтын «Көмір Гарант» ЖШС 2023 жылы «Шұбаркөл Көмір» АҚ-ымен 445 мың тонна өнімге контракт бекіткен. Осы арқылы оның көмір разрезіне эксклюзивті қолжетімділігі қамтамасыз етілді, нарықтағы көмір операторлары мұндай мүмкіндіктен тыс қалды.

«Ұқсас адал емес делдалдық схемаларды жою, сондай-ақ көмір өндіруші кәсіпорындардың өніміне өңірлік көмір тұйықтарының еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы түрде жұмыс жүргізіліп жатыр. Ол биржаларда нарықтың білікті қатысушыларына сатылуға тиіс міндетті көлемдерді арттыруға бағытталған. Айталық, міндетті көлемнің үлесі 2021 жылы 10% ғана болған. 2023 жылдың соңында оны 50%-ға дейін жеткізе алдық», — деді агенттік өкілдері.

Осындай шаралар, сондай-ақ делдалдық схемаларды қысқарту, көмір жеткізушілер санын арттыру елдегі көмір бағасының өсуін құрықтауға мүмкіндік беріпті, әйтпесе бұрнағы жылдары қыс кезінде көмір екі-үш есеге дейін қымбаттап кететін.

БІР САЛАҒА — ҚОС РЕТТЕУШІ

Жалпы, жылдар бойы реттелмеген тауар биржаларының өрісі былық пен жемқорлыққа белшеден батқан көрінеді. Сарапшылардың айтуынша, бұлардың әрқайсысынан ондаған, жүздеген миллиард теңге ақша өтеді. Ал олар болса, микрокәсіпкерлік нысаны ретінде тіркеліп алған. Сөйтіп, «үйдегі дүкен» сияқты ұсақ бизнеспен бірге жеңілдікті, арзан несие, салықтық жеңілдіктер сияқты мемлекеттік қолдау алып келген. Бұған енді тыйым салынуға тиіс.

Бұл үшін депутаттар бастамашы болған «Кейбір заңнамалық актілерге тауар бир-

жалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын Мәжіліс құптады.

— Тауар биржалары ашық және ереже бойынша жұмыс істесе, сонда ғана экономикада маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы 2023 жылғы Жолдауында биржалық тауарларға ашық баға белгілеуді қалыптастыруды және «қалта-биржаларын» нарықтан алып тастауды тапсырды. Бұл заң жобасы осы тапсырманы орындау үшін әзірленді және бірқатар нақты проблеманы шешеді, — деді «АМАНАТ» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Оның түсіндіруінше, осы заң жобасына сәйкес, енді тауар биржалары шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері қатарынан алып тасталады. Өзге жаңашылдықтары жетерлік. Мысалы, тауар биржалары жұмысының қаржылық тұрақтылығы мен ашықтығына қойылатын талаптар, соның ішінде жарғылық капиталы сомасы арттырылмақ. Оларға қатысты мемлекеттік бақылау кеңейтіледі. Бұл салада да қара тізім түзіледі: биржалық сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылардың тізілім-реестрі енгізіледі.

Қызметін жалғастыру үшін брокерлер мен клирингтік орталықтар бұдан былай лицензия алуға міндетті болады және олар қаржы мониторингі субъектілері санатына қосылады. Себебі биржалардағы қаржы ағындарының айқындылығы соларға тәуелді. Лицензияны қайтару немесе уақытша тоқтату рәсімі енгізіледі. Биржалық боттардың, жасанды интеллекттің көмегімен бекітілген мәмілелер «елеусіз» деп танылып, күшін жояды. Халық үшін маңызды әлеуметтік тауарларды сататын тауар биржаларына жоғары талаптар енгізіледі.

Заңның бір жаңалығы — стандартты аукционды және стандартталмаған тауарларды биржалық саудадан шығарып тастамақ. Соның ішінде стандартталмаған тауарлардың сауда-саттығы электрондық сауда алаңдарына ауыстырылады. Сауданың бұл түрін жер қойнауын пайдаланушылар қолданатыны белгілі. Олар осы арқылы биржада тек өзіне тиімді мәміле жасасалы, шетелден тауар импорттайтындармен келіседі. Сауда-саттыққа отандық тауар өндірушілер жіберілмейді.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, жыл сайын отандық тауар биржалары арқылы 2,5 триллион теңге қаражат өтеді.

— Соның ішінде басым бөлігі, шамамен 60-70%-ы жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуына тиесілі. Басқаша айтқанда, жер қойнауын пайдаланушылар жыл сайын өз қажеттіліктерін өтеу үшін 1-1,5 триллион теңгеге тауар сатып алады. Онысы тек шетелде ғана жасалатын жоғары технологиялы жабдықтармен шектелмейді. Сондай-ақ арасында машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, фармацевтика және басқа сала кәсіпорындарының өнімдері, кеңсе тауарлары, жиһаздар сияқты қарапайым өнімдер бар. Олардың біразы бізде жасалады, жасалмаса, өндірісін Қазақстан аумағында тез-ақ жолға қоюға болады, — деді Айжан Әділқызы.

Алайда оны өзімізде шығарғанмен, қазақ жерінің астындағы мол қазынаны игеруші алпауыт компаниялар тарапынан кең сұраныс болмаса, өндірісі өркен жая алмай, тоқырайды.

«Салдарынан күрделі ахуал қалыптасты. Жер қойнауын пайдаланушылардың тауар биржалары арқылы жүргізетін сатып алуларындағы жергілікті мазмұнның үлесі тым мардымсыз және жылына 6-6,5%-ды құрайды. Уәкілетті орган ретінде біз стандартталмаған тауарларды және стандартты аукцион деген құралды биржалық саудадан алып тастау өте маңызды деп санаймыз. Бұлар қазақстандық биржалық жүйені дискредитациялайды», — деді Сауда бірінші вице-министрі.

Жаңа заң күшіне енсе, салада қос реттеуші пайда болады. Сауда саясатын Сауда министрлігі анықтайды, ал тауарлық биржаларға мемлекеттік бақылауды жүргізу Бәсекелестікті қорғау агенттігіне жүктеледі. Осыдан кейін салада тәртіп пен заң үстемдік құра ма, әлде қос реттеушінің басы «бір қазанға сыймай», сала әрі қарай деградациялана ма, оны уақыт көрсетеді.

МӘСЕЛЕ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

«Малым – жанымның садағасы» деген қазақтың бар күнкөрісі осы жылы зор шығыннан көз ашпай тұр. Алдымен тұтас теріскей аймақты қамтыған жұттың салдарынан қылқұйрықты Қамбар ата түлігі жаппай қырылса, кейін су тасқыны кезінде жығылған үстіне жұдырық болып тағы да қолда бар малының басым бөлігі дүлей тасқынмен ағып кетті. Онсыз да жұттан жұқарып малынан ада болған ауылдағы ағайынға бұл аса ауыр тиген. Тұяқты малы түгелге жуық қырылған жұрттың шымбайына батқан ауыр шығыннан жағдайы шатқаяқтап кеткен шаруалардың бүгінгі хәлі аса күрделі...

ӨТЕМАҚЫ

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Ресми деректер бойынша, аз болғанымен теріскей облыстар мен Қарағанды облысында жылқы мыңдап қырылған. Бірақ жергілікті атқарушы билік органдары барынша жасырып, қысы-жазы далада жайылатын үйір-үйір жылқылардың қырылмағанын айтып бағуда. Алайда көктем уағында еріген қар астынан шыққан, өзен арналарында қатып қалған өлекселердің қалқып шығуы өтіріктің арты бір-ақ тұтам екенін дәлелдеді. Жанталасқан билік өңірде эпидемиялық аурулар тарап кетпес үшін жабыла жүріп өлекселерді жинап өртеген болған.

Жол бойында да теңкейіп-теңкейіп жатқан жылқыларға бюджеттің бүйірінен өтемақының төленетіні де алдын ала барлық әкімдіктермен халықтың құлағына жеткен. Алайда арты сиырқұйымшақтанып, одан кейін мүлде төленбейтін болып шыға келді. Тұрғындар канша арызданып жергілікті билік өкілдерінен бастап, облыс әкімдіктеріне дейін хат жазып, өтемақы сұрағанымен жабулы қазан сол күйі жабулы қалған. Бар жылқысынан көз жазып қалған жергілікті жұрт сол күйі ұмыт қалған биліктің «уәдесін» орындамағанына қапалы.

Қыл құйрықтылар жүздеп қырылған аймақтың бірі – Ақмола облысы. Әсіресе, Бурабай, Зеренді, Біржан сал, Степногор қаласының іргесіндегі ондаған ауылдарда жылқы малы аса көп қырылған. Көктем шыға қар астынан бәйшешектей болып шыққан өлекселердің иісі қолқаны қауып, жергілікті билік дереу жинауды қадап тапсырған. Бірақ осыған дейін облыс әкімдігі ресми түрде айтқан төлем

күтіп жүр,

АҚМОЛАНЫҢ

шаруасы

уәдесі құр сөз күйінде қалғаны тұрғындардың ашы жанайқайын тудырған.

Қолда бар жылқысының басым бөлігі қырылып құрық ұстап қалуға жақындаған шаруаның бірі – Біржан сал ауданына қарасты Сәуле ауылының тұрғыны Жамбыл Жақыпов. Ауыл тұрғынының айтуынша, қолдарындағы шаруа қожалығы негізінен жылдар бойы жылқы малын өсірумен айналысады. Еті мен қымызын сатып, жылда пайдаға кенеліп күнелткен басты күнкөріс көзі болған. Алайда былтырғы жұттан шаруаның бір өзінде ғана екі жүз жылқысы бірдей қырылып қалған. Ауылдағы басқа тұрғындардың да жылқысы ондап, жүздеп қырылған. Бірақ жергілікті билік қың етпеген. Халық өз қотырын өзі қасып, бағасы қымбат жемшөпті сатып алып, қалған малын қыстан аман сақтаудың жолын іздеп шарқ ұрған. Дегенмен қыстың соңы тіпті ауыр болып әбден жүдеп көтерем болған мал ақыры қырылған. Ауыл тұрғындарының айтуынша, жергілікті атқарушы билік алғашқыда бар малдың тізімін жасап, құжаттары мен сырғалықтарын, чиптерін түгендесе, өтемақысын қайтаратынын айтып жиналыс өткізген. Алайда тұрғындар күні бүгінге дейін жұтта қырылған малдың өтемі берілмегенін айтып шырылдап отыр.

– Былтырғы қыс аса қатты болды. Даланы жаппай мұз басып жылқы тебіндей алмай қалды. Алты жүзге жуық қылқұйрықтым болған. Бар нәсіп тауып



Тұрғындар осылай мұң-зарын жеткізгенімен, жергілікті билік пен салалық басқармалар өтемақыны төлегісі келгенімен, өтей алмайтынын алға тартты. Билік өкілдерінің айтуынша, бұл заңға қайшы келеді.

күнелтіп отырған әулетіміздің кәсібі – осы. Қанша тыраштанып бар күшімізбен жылқыларды жұттан шығарудың қам-қарекетін жасағанымызбен, біздің шаруа қожалығының ғана екі жүз жылқысы қырылып қалды. Осы мандағы басқалардың да жылқылары мыңдап қырылды. Бірақ жергілікті биліктің еш көмегі болмады. Көктем шыға жұттың салдарынан қырылған малымыздың өтемақысы төленетінін жергілікті ветеринариялық стансаның басшысы Кемел Маев селектор жиналысында облыс әкімінің өз аузынан шыққанын айтып қуантқан. Бірақ артынан бәрі сиырқұйымшақтанып, өтемақы түгіл дәнне болған жоқ. Ол үшін төтенше жағдай жариялануы тиіс өтемақы төлейтін заң жоқ дейді. Бірақ біздің аудандағылар жұмған ауыздарын ашпай, мыңдап жылқы қырылып жатса да төтенше жағдай жарияламады. Міне,

қазіргі уақытқа дейін өтемақымызды ала алмай келеміз, – дейді Біржан сал ауданы Сәуле ауылындағы «Бибігүл» шаруа қожалығының жетекшісі Жамбыл Жақыпов.

Теріскей аймақтың түгелдей болғанын белгілі жылқышы Темірбек Ғалымов та айтып отыр. Оның айтуынша, Ақмола облысының бар ауданында, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облыстарында жылқысы қырылған жұртшылықтың қатары қалын. Дегенмен өтемақыны алғашқыда толықтай өтейміз деген жергілікті әкімдік артынан сөзбұйдаға салып, одан кейін мүлде тынышталып қалған.

– Жылқының көзалдымызда аштықтан жаппай қырылып жатуы ішімізді удай ашытқан. Үйір-үйір жылқы арам өліп жатты. Тіпті, көктем шыға дала түгел өлекселерге толып, ит-құзғынға жем болды. Қолда бар

мүмкіндігімді пайдаланып, жанталасып иен далада шашылып жатқан өлекселерді жинап көміп, өртедім. Өзімнің ондаған жылқым өлді. Құжаттары мен сырғалықтары, чиптері бәрі бар. Жергілікті аудан әкімдігі бәрі толықтай төленеді деп уәделерін үйіп-төккен. Бірақ сол күйі ұмыт қалдырды. Осы теріскей облыстардың бәрі күні бүгінге дейін ешқайсысы өтемақы ала алмады. Жергілікті билік уәдесін орындамады. Ал миллиондап шығын шеккен халықтың қазіргі жағдайы аса ауыр, – дейді Зеренді ауданы Васильков ауданының жылқышысы Темірбек Ғалымов.

Тұрғындар осылай мұң-зарын жеткізгенімен, жергілікті билік пен салалық басқармалар өтемақыны төлегісі келгенімен, өтей алмайтынын алға тартты. Билік өкілдерінің айтуынша, бұл заңға қайшы келеді.

– Иә, жұттан малдың қырылғаны рас. Алғашқыда жұттың салдарынан төтенше жағдай жарияланады, сосын сол арқылы бөлінген қаражатпен малы қырылған халыққа өтемақы төленбек болған. Бірақ төтенше жағдай жарияланған жоқ. Сол себепті жылқылар мен басқа малдың өтемақысы төленбейді. Өтемақы алу үшін мал сақтандырылуға тиіс. Бірақ халық мұны артық көреді. Ешкім малын сақтандырып жатпайды. Су тасқыны бойынша малы қырылған халыққа өтемақысы төленген, – дейді Ақмола облысы Ветеринария басқармасының басшысы Талғат Жүнісов.

Қалай дегенмен де бар күнелткен күнкөріс көзі малынан айырылған ауылдағы ағайынның қазіргі жағдайы аса мәз емес. Еттің бағасының төмендігінен онсыз да атакәсіп мал шаруашылығын тастап жатқан жұрттың қарасы басым. Малынан айырылған ауыл жұртының сенері де жоқ. Сондықтан құзырлы жоғарғы жақтан былтырғы жағдай қаперде болып алдағы уақытта мұндай жағдай бола калса, «уәде» ұмыт қалмас үшін заңға өзгеріс енгізілгені жөн бе деген ойдамыз...



ЖАЙЫҚҚА БАТҚАН ЖАУҚАЗЫН

18 қазан күні Атырауда сұмдық оқиға болды. 23 жастағы қыз кісі қолынан қаза тапты. Сұмдығы сол, қанішерлер қызды қорлап өлтіріп, денесін Жайық өзеніне лақтырып жіберген.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Арада үш аптаға жуық уақыт өтсе де, өкінішке қарай әлі күнге дейін қыздың денесі табылмай жатыр. Атыраулық құтқарушылар, сүнгүйрлер үш аптадан бері іздестіру жұмыстарын үзбей отыр. Бірақ нәтиже жоқ.

«Маған енді ешкім де, ештеңе де көмектесе алмайды. Қазіргі бар арманым — баламды жерлеу және қанішерлердің қатаң жазалануына қол жеткізу», — дейді марқұм Яна Легкодимованың анасы Галина.

Небәрі 23 жасында кісі қолынан көз жұмған арудың өлімінің артында кімдер тұр? Марқұмның денесінің әлі күнге дейін табылмауына не себеп? Жұмбақ өлімге қатысты сұрақ көп. Атырау облысы Полиция департаменті, Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметтеріне сүйене отырып, біз жұмбақ өлімнің картинасын жасап шығаруға тырыстық.

Ресми деректер былай дейді. Марқұм Яна Легкодимова 18 қазан күні Атырау қаласының Авангард-2 шағынауданындағы үйінен шамамен сағат түнгі он шамасында шығып кетіп, қайта оралмаған. Атырау облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлағандай, аталған факті бойынша «адам ұрлау туралы» және «кісі өлтіру туралы» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің екі бірдей бабы бойынша қылмыстық іс тіркеліп, тергеу жұмыстары жүріп жатыр.

Жақында Полиция департаменті Янаның өліміне қатысты бар деген күдікпен 24 және 25 жастағы екі адамның ұсталғанын хабарлады. Жедел-іздестіру жұмыстары барысында күдіктілердің қылмыс кезінде қыздың денесін Махамбет ауданындағы Талдықөл ауылы маңына апарып, Жайық өзеніне лақтырып жібергені анықталды. Өзге ақпараттар тергеу құпиялығына байланысты жарияланбай отыр.

Алайда қара жамылып отырған марқұмның анасы Галина атыраулықтардан, қоғам белсенділерінен және Атырау облысының әкімінен көмек сұрап, біраз мәліметтің бетін ашты.

Марқұмның анасы Галинаның айтуынша, Яна Батыс Қазақстан облысының Чапаев ауылында дүниеге келген. Бір үйдің жалғыз қызы, үкілеген үміті болған Яна мектепті үздік бітіріп, Атырауға

жоғары оқу орнына грантка түскен екен. Жалғыз қызының студенттік өмірге қадам басқанына әрі қуанып, әрі қобалжыған анасы осылайша, Атырауға Янамен бірге көшіп келеді. Яна жоғары оқу орнын абыроймен бітіріп, магистр дәрежесін алады. Кейін Атыраудағы Қазақ геологиялық барлау мұнай институтында жұмыс істейді. Жаста болса ғылымға үлкен қызығушылық танытқан Яна алға қарай оқуын жалғастыруды жоспарлап жүрген. Тіпті, көзі тірісінде бірнеше ғылыми жобаларды да қорғаған екен. Өкінішке қарай, қайғылы оқиға болатын күні марқұмның анасы қалада болмаған. Жұмыс бабымен іссапарда жүрген Галина қызының жоғалғаны туралы тек 19 қазан күні ғана білген.

«19 қазан күні қызыма хабарласа алмадым. Үйге келгенімде жарықтың өшпей тұрғаны таңданды. Әрі Яна марқұм боларының алдында далаға сырт киімсіз шығып кеткен. Демек, ол көп ұзамай үйге қайта келуді ойлаған. Әшейінде қызым далаға шығарында міндетті түрде ұялы телефонының қуаттағышы мен құлаққабын ала шығады. Бұл жолы Яна барлық заттарын үйге тастап кеткен. Үйден қызымның күнделігін таптым. Онда Яна кіммен сөйлескенін жазып жүрген. Қазіргі уақытта күнделік те полицияның қолында. Істің анық-қанығы ашылып, қызымды өлтіргендердің ең ауыр жазаға тартылғанын



тілеймін. Ал дәл қазір маған қызымның денесінің табылғаны керек, қызымды арулап жерлегім келеді», — дейді қайғыдан қан жұтқан ана.

Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғау басқармасының бастығы Бақыт Аблановтың айтуынша, іздеу жұмыстары полиция қызметкерлері ұсынған координаттар негізінде жалғасып жатыр.

«Біздің қолымызда полиция берген жедел деректер бар. Іздеу жұмыстары сол деректер негізінде жүргізілуде. Өзен үлкен әрі ағыс қатты болғандықтан, дененің нақты қай жерде жатқаны бізге де белгісіз болып отыр. Іздеу жұмыстары тәулік бойы жалғасуда. Сүнгүйрлерден бөлек, тағы 12 адам жердің бетінде және жағалау бойында іздестіру жұмыстарына жұмылдырылып отыр. Полиция қызметкерлері, Ұлттық гвардия күштері де тартылды. Әзірге нәтиже жоқ. Бірақ біз денені бәрібір табамыз. Бұған дейінгі тәжірибемізде суға кеткен денені таппаған кез болған жоқ. Іздестіру жұмыстары оңай емес,

дегенмен жұмыс тәулік бойы үзіліссіз жалғасуда», — деді спикер Бақыт Абланов.

Қазіргі уақытта «Не молчи» қоғамдық қоры марқұм Янаның анасына адвокат іздестіріп жатыр. Қордың мәліметінше, адвокат қылмыстық істің тергеу амалдарынан бастап, іс сотқа жеткенге дейінгі барлық процестерге қатысып, әділдік үшін күресетін болады.

«Қызымның арманы көп еді. Ол үшін ең басты орында оқу мен мансап тұрды. Оқуымды жалғастырып, жұмысымды реттеп алсам, отбасын құру туралы сосын да ойлануға болады дейтін. Менің қолымда қазір қызымның суреттері мен ұмытылмас естеліктер ғана қалды», — дейді марқұмның қара жамылған анасы Галина.

Ананы жалғыздан, елімізді талантты жас ғалымынан айырған күдіктілердің мұндай ауыр қылмысқа не үшін барғаны белгісіз. Адам өмірі мен денсаулығын ең қымбат байлыққа теңейтін елімізде қанқұйлы қылмыстардың көбейіп бара жатқаны алаңдатады... Кешір бізді, Яна...

Бүгінде жасөспірімдер арасында суицид деректері жиілеп кеткені жасырын емес. Әсіресе, балғын шағында өмірін қиюға бейім тұратын балалардың әрекеті тұтас қоғамды алаңдатып отыр. Билік басындағылар жасөспірімдер арасындағы ажал құшу статистикасын бүркемелеуге тырысқанымен, кейбір жағдайларды жасыру мүмкін емес. Міне, сондай қайғылы оқиға жуырда Жамбыл облысы Байзақ ауданында болды. Ал санаға салмақ салатындығы екі бірдей жасөспірімнің өз-өзіне қол салу себебін ешкім түсіндіріп бере алмауда.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖҰМБАҚ ӨЛІМІ

Тұрғындардың төбе шашын тік тұрғызған қайғылы оқиғаларды тарқатып айтсақ, 25 қазан күні Байзақ ауданы Түймекент ауылында 15 жасар жасөспірім көше басындағы мұнарадан асылған күйі табылады. Марқұмның мәйітін інісі көше бойында кетіп бара жатып көрген. Ал келесі күні дәл осы көшенің 16 жастағы оқушысы өзінің қорасында өлі күйі анықталған.

Өз-өзіне қол салған жастардың көршілерінің айтуынша, екі жігіт те көпбалалы отбасынан шыққан. Екеуі дос болып, Ғазиз Байтасов атындағы тірек мектебінде бір сыныпта білім алған. Алайда алғаш ажал құшқан жасөспірім Тараз қаласындағы Парасат колледжіне оқуға түсіп, оқуын облыс орталығында жалғастырыпты. Бірақ достар бір-бірімен байланысын үзбей, күнделікті көрісіп жүрген. Бірінші бала мұнарадан өлі күйі табылғанда екінші досы оның жаназасына да қатысқан. Досы көз жұмған күннің ертесіне екінші баланың да өз-өзіне қол салуға не түрткі болғанын ешкім түсіндіре алмауда. Бір анығы, суицидке бармас бұрын балалар достарына дауыстық хабарлама жіберген екен. Онда жасөспірімдер өздерін әлдекімнің күштеп алып бара жатқанын, көмек беруін сұраған көрінеді. Дауыстық хабарламаны естігендердің сөзіне сенсек,



екі баланың да дауысы өз дауысына ұқсамапты. Бейне бір бойын жың билегендей үндері қарлығып, есі ауысқандай күйде болыпты. Қазір тергеу амалдарының құпиялығына байланысты барлық аудио жазбалар тәркіленіп отыр. Алайда алғашқы күні аудионы тыңдағандар әлі күнге бойын әлдебір қорқыныш пен үрей билеп тұрғанын айтады.

— Көз алдымызда жүрген балалар еді. Өте тәрбиелі, көпбалалы отбасынан шыққан. Ешқандай қиындық көрді дей алмаймын. Ақжарқын, тәй құлындай бір-бірімен тебісіп өскен балалар болатын. Мектептегі сабағынан да қалмайтын. Ата-аналарына әрдайым жәрдемдесіп жүретін. Мұндай қадамға балаларды не итермелегенін түсіне

алмаймын, — дейді марқұмдардың көршісі Дәулетқұл Молдабеков.

Ал тәртіп сақшылары тергеу амалдарына байланысты оқиғаның мән-жайын әлі ашып айтқан жоқ. Тек «Өзін-өзі өлтіруге итермелеу» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалғанын баян етті.

«Аталған фактілер бойынша Байзақ аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері сотқа дейінгі тергеу амалдарын бастады. Оқиғаның егжей-тегжейлі мән-жайын анықтау үшін қажетті кешенді тергеу шаралары жүргізіліп жатыр. Екі оқиғаның бір-бірімен байланысы жоқ, олар бір-біріне туыс емес», — деп мәлімдеді Жамбыл облысы ІД баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлсара Мұхтарқұлова.

Ал Жамбыл облыстық Білім басқармасы қайғылы оқиғаны жіті тексеру үшін арнайы комиссия құрылғанын хабардар етті.

«2024 жылдың 25 қазан күні Байзақ ауданы Түймекент ауылының тұрғыны «Парасат» колледжінің 1-курс студенті және 26 қазан күні аталған елді мекеннің тұрғыны Ғ.Байтасов атындағы тірек мектебінің 11-сынып оқушысы өз-өзіне қол жұмсаған.

Аталған екі факт бойынша оқыс оқиғалардың мән-жайын анықтау мақсатында облыстық деңгейде жұмысшы тобы құрылды. Оның құрамына Жамбыл облысының Білім басқармасы, Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті, Бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл, облыстық прокуратура, облыстық Полиция департаменті, облыстық Денсаулық сақтау басқармасы, облыстық Психологиялық қолдау орталығының өкілдері кірді. Жалпы, жұмыс тобына 41 қызметкер жұмылдырылды.

Жұмысшы топ бірінші кезекте аталған отбасыларға барып, психологиялық қолдау көрсетті. Түймекент елді мекеніндегі орналасқан мектептердің ата-аналарына аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мекен-жайларды аралау арқылы психологиялық алдын алу және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметті ұйымдастыру жұмыстары зерделенді.

— Аталмыш оқиғаларға байланысты жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі парақшаларына қосымша зерттеу жұмыстары жүргізіліп, күдік тудырған жазбалар бойынша талдау жасалып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Аталған фактілер бойынша ҚК-нің 105-бабы 3-бөлігі бойынша іс қозғалды, — делінген ресми хабарламада.

Түймекенттіктердің айтуынша, бірінші бала өлі табылған мұнара жастар арасында кең танымал екен. Оның қоршалған аймағына кіру де оңай көрінеді. «Егер осы мұнараны дұрыстап қоршап қойса, жастар да бұл жерге үйір болмас еді», — дейді тұрғындар.

Қайғылы оқиғаларға байланысты қазір халық арасында түрлі болжам бар. Біреулер «балаларға бәлкім әлімжеттік көрсетілген шығар» десе, енді екіншілер «жасөспірімдердің бойын жың байлаған» деген пайым жасауда. Оған себеп те жоқ емес. Екі жігіттің араға күн салып өз-өзіне қол салуы былай тұрсын, көмек сұраған аудио жазбасы да сананы сан-саққа жүгіртуде. Сондай-ақ ел ішінде қаза болған баланың бірінің туысы да суицид жасап дүниеден өткені айтылуда. Енді оның ақ-қарасы тергеу амалдарынан кейін белгілі бола жатар.

РУХАНИЯТ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Таяуда қазақ театр өнерінің рухани қазынасы кезекті жаңа туындымен толықты. Алматы шаһарында орын тепкен мәдениет ордасы Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Сағызбай Қарабалиннің 70 жасқа толған мерейтойына орай апталық ұйымдастырылған еді.



БЕКЗАТ БОЛМЫС ИЕСІ



Апталық аясында сәулелі ғұмырының жарты ғасырға жуық уақытын өнерге арнаған театр саңлағы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Сағызбай Қарабалин шығармашылығына арналған «Бекзат болмыс иесі. Масадан корольге дейін...» атты зерттеу кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Өнерді қадір тұтатын оқырманына жол тартқан аталмыш еңбектің авторы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушысы, театртанушы — Бейбіт Әлкеева. Еңбекте актердің шығармашылық әлемі театртанушылық және тұлғатанымдық тұрғыда қарастырылып, суреткердің жеке қолтаңбасы мен бекзат болмысы зерттелді. Театр тарихындағы айтулы күнге Сағызбай Қарабалиннің замандастары мен әріптестері, театр майталмандары арнайы келіп, автор мен мерейтой иесіне ақжарма тілегін жаудырды.

Зерттеу кітабының тұсауы кесіліп, көпшілікке ұсынылған соң туынды авторы Бейбіт ханымды сұхбатқа тартты. Автор кітапты жазу барысында жылдар бойы сахнадан түспей, өнерді өрге сүйреп жүрген өнер иесінің ішкі болмысын зерделеуге тырысқанын, осының арқасында оның тұлға ретіндегі бейнесі тереңдей түскенін алға тартты.

— Қазіргі театр кеңістігінде актерлік өнер — ең маңызды аспектілердің бірі. Сағызбай Қарабалин — өмір бойы сахнадан түспей, әр күнін өнерге арнаған актер. Дәл қазір оның шығармашылығы одан сайын жарқырай түскен уақыт деп есептеймін. Актер осы күнге дейін Мүсірепов театрында ғана емес, өзге де театрларда, сондай-ақ кино әлемінде де көрініп жүр. Бұл кітапты жас театртанушы ретінде осындай бір тұлғаның өмірі мен өнерін қағаз бетіне түсіріп, көзі тірі кезінде батасын ала отырып жазу мақсатым

болды. Сондықтан мен бірден жұмысқа кірістім және мүмкіндігінше оның шығармашылық жолына тереңінен зерттеу жүргізуге тырыстым. Шын мәнінде актерлік өнер үлкен ізденісті талап етеді. Өнерге қадам басқысы келетін әрбір оқырман зерттеу кітабын ашса, тұлғаның болмысын таниды, сонымен қатар актерлік өнерді игергісі келген адам өзіне керегін алады деп ойлаймын, — дейді ол.

Автор актердің өмірі мен өнер жолын кітап ретінде басып шығарғанға дейін Сағызбай Қарабалин шығармашылығын бес жылдан аса уақыт бойы зерттеп келгенін айтады. Сөз соңында Бейбіт Әлкеева жарық көрген кітап зерттеу жұмысының

жайлы айтатын сөзінен гөрі «біз» деп басталатын әңгімесі көп болды. Онымен қоса, өзінің замандастары, ұстаздары және әріптестері туралы естеліктерді көбірек бөлісті. Шығармашылық жолын тоқтатпай, күллі ғұмырын театр өнеріне арнау, көрген қиындық пен биік белесті артқа тастау — тек терең, интеллектуалды актерлердің бағына бұйыратын бақ. Осындай актердің өмірі мен өнер жолын кітап ретінде жазу — мен үшін үлкен мәртебе және ауыр жауапкершілік. Сағызбай Қарабалин әзірге шығармашылық жолында «тоқтайтын» актер емес. Күн сайын жаңа қойылымдарда көрініп жүр. Театр кеңістігінде мұндай актерлер көп деуге келмейді, — деп сөзін түйіндеді театртанушы Б.Әлкеева.

Апталықта Сағызбай Қарабалин басты кейіпкерлердің рөлін сомдайтын «Король Лир» (авт.: У.Шекспир, реж.: Ф.Молдағали), «№37» (авт.: И.Иман, реж.: Ф.Молдағали), «Мәмлюк. Сұлтан Бейбарыс» (авт. ж/е реж.: Ф.Молдағали), «Құлагер» (І.Жансүгіров, реж.: Ф.Молдағали), «Баянсыз бақ» (авт.: В.Дельмар, реж.: Ф.Молдағали) қойылымдары сахналанды.

Қазақ театр сахнасында қайталанбас рөлдерді сомдап жүрген Сағызбай Қарабалиннің қоржынында бір-біріне ұқсамайтын әркілі образдар бар. Бүгінде актер театр сахнасында ғана емес, отандық киноиндустрияда да өнерін паш етіп келеді. Соның ішінде «Алпыстан асып барамын», «5.32», «Жат бауыр-2», «Жел тоқтаған жер», «Слово



Шығармашылық жолын тоқтатпай, күллі ғұмырын театр өнеріне арнау, көрген қиындық пен биік белесті артқа тастау — тек терең, интеллектуалды актерлердің бағына бұйыратын бақ. Осындай актердің өмірі мен өнер жолын кітап ретінде жазу — мен үшін үлкен мәртебе және ауыр жауапкершілік.

соңғы нүктесі болып қалмайтынын, ізденіс әрмен қарай жалғасын табатынын атап өтті.

— Актерді зерттеу үшін оның туған жері, өскен ортасы, шырағын жаққан ұстаздары немесе жүрген ортасын ғана білу аздық етеді. Өнер иесін зерттеу үшін оның шын мәніндегі болмысын зерделеу қажет. Оның болмысы қандай? Өзі қанша талантты мойындады? Өзін қанша мықтыға мойындатты? Мен Сансызбай атаны зерттеу барысында ең алдымен өзімен сұхбат құрып, өмір жолын тындағым келді. Ең қызығы мен қиыны да сол — Сансызбай ата өзін мақтамайтын аз адамдардың қатарында. Сұхбат барысында өзі

офицера», «Күй ғұмыр», «Жезтырнақ», «Сәке 2», «Ва банк», «Слепой эстошник» және т.б. фильмдер мен телехикаяларда ерекше рөлдерімен танылды. Сағызбай Қарабалин — еңбек жолын Қазақ мемлекеттік қуыршақ театрынан бастап, С.Қожамқұлов атындағы Жезказған қазақ музыкалық драма театры, Атырау облыстық Махамбет атындағы Қазақ драма театрында жалғастырып, 2004 жылдан бері Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдерге арналған театрда актер ретінде қызмет етіп келе жатқан табиғи талант иесі.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

ҚОЖА
ФРАНЦУЗША СӨЙЛЕДІ

Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде белгілі жазушы, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған конференция өтті. Іс-шара аясында «Менің атым Қожа» кітабының француз тіліне аударылған нұсқасының тұсаукесері ұйымдастырылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, конференцияға ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары Эрнесто Оттоне, Қазақстан Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Күлкенов және ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымындағы Қазақстан өкілі Бакытжан Омар қатысты.

Қатысушылар Бердібек Соқпақбаев кітабының аудармасы француз оқырмандарына қазақ мәдениетін танытып, Қазақстан халқының бай дәстүрлері мен құндылықтарын ашатынына сенім білдірді.

Сондай-ақ Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Менің атым Қожа» фильмінің көрсетілімі өтті. Көрсетілім осы картинада басты рөлді сомдаған Нұрлан Санжардың бейне-хабарламасынан басталды. Әйгілі кинокартина көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Бірнеше ұрпақтың сүйікті картинасына айналған туынды, кезінде сала мамандарын талай рет мойындатқан. 1967 жылы Канн фестивалінде фильм қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.



— Француз көрермені болсын, басқа ұлттың азаматтары болсын, бәрі де шын көңілдерімен қызыға қарады. Фильмнің әртүрлі сәттеріне, Қожаның қылықтарына бірге күлдік. Осыған байланысты Бердібек Соқпақбаевтың және Абдулла Қарсақбаев түсірген фильмнің тек қазаққа емес, бүкіл әлемге түсінікті, жақын екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті. Соған қуанамыз, — деді Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі Асқар Әбдірахманов.

Фильм көрермендердің де көңілінен шықты.

— Фильм барысында сан түрлі әсер алдым. Өзім өмір сүрмеген дәуірге деген сағыныш сезімін тудырған сикыраға тап болдым десем артық емес. Қазақ киносы фестивалінің барлық көрсетілімдері өте тамаша болды, — деді көрермендердің бірі Элиз.

Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығының ЮНЕСКО-ның атаулы даталар күнтізбесіне енгізілуі оның әлемдік мәдениетке қосқан үлесінің маңыздылығын көрсетеді. 1952 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болған қаламгер көзі тірісінде-ақ қазақ балалар әдебиетінің классигі ретінде танылды. Балалардың ғана емес, ересектердің де сүйікті жазушысына айналған оның шығармашылығы ұрпақ тәрбиесінде әлі күнге өзектілігін жоймай келеді.

Қазақстан тарапы ЮНЕСКО-ға іс-шараны ұйымдастырудағы қолдауы үшін алғыс білдіріп, қазақ халқының мұрасын халықаралық аренада насихаттайтын мәдени іс-шаралардың маңыздылығын атап өтті.

Мерей ІЛТИПАТҚЫЗЫ

МЕРЕЙ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Қазақы қарасөздің шебері, кең пайымды далалық түсініктің білгірі, өз қоғамының өмірін әдеби тұрғыда өлшеуші Бейімбет Майлиннің туғанына биыл – 130 жыл.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті сол дәуірдің саясатын, алып империя ықпалының құлдырауын, феодалдық үрдістің құлауын, ішкі ықпалдың дүмпуінен күш алған жаңа үкіметтің төңкерісін, жылға жетпеген уақыт ішінде билік басына келген үш үкіметтің алма-кезек ауысуын өз қалпында жазумен ерекшеленеді.

Бейімбет Майлин шығармаларына Қостанай атырабы, арнасы толған Торғай-Тобылдың тасасы мен ағысы баяу «Аят» өзені жағалауына қонған жұрттың тіршілігі арқау болды. Осы бір үш өзеннің сағасына жиналған ауыл адамдарының аңғалдығы, сенгіштігі, күнәмшілдігі бүтін қоғамның бейнесі іспетті.

Әр қоғамның тұрақты қалыптасқан саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени-рухани өмірінің дағдыларына, табиғи құбылыстардан тұратын тағдырына түрлі өзгерістің енуін, жаңа қоғамның ауытқуы мен толқуларына, заңды қағидаларына, кешегі өткен мен нақ бүгінгі талаптың айырмашылығына, артықшылығына назар салып, айна-кәтесіз баяндайтын суреткері болары заңдылық. Суреткер, яғни қаламгер — сол дәуірдің қалыпты келбетін, тұрақты не тұрақсыз тұрмысына баға беруші, әдеби өлшеуші, әдеби сарапшы, әдеби зерттеуші, әдеби безендіруші қызметін атқарады. Суреткер-жазушы, ол — Бейімбет Майлин. Суреткер-драматург, ол — Бейімбет Майлин.

Бейімбет Майлин XX ғасырдың басындағы терең толқулар мен тартысқа толы төңкерістердің шындығын, тұрмыстың ауырлығын, тағдырдың тауқыметін әдемі тілмен, көркем оймен жаза білді. Қуанышынан қайғысы басым дәуірде жазушылықтың аса маңызды тарауы драматургия болды. Қазақ драматургиясының да бастауы осы ғасырдан тамырланған. Жазушының шынайы кейіпкерлері шын сөз, шын оқиға, тың идеялармен туды.

Проза — қазақ әдебиетіндегі көркем тілдің көкжиегі. Бейімбет Майлин прозалық туындыларындағы бейнелердің өміршендігі — қоғам мен адамның арасындағы байланыстың бір жүйеде қабысуы. Б.Майлин прозадағы көтерілген тақырыптарға талантаража түскен қиянкес қоғам, гуманистік идеяға құрылған оқиғалар, ескіліктің сарқыншағы — құлдық, теңдік, бостандық көріністері арқау болды. Би-аға шығармаларындағы кенестік натурализм — дәстүрлі және ұжымдық ауыл өмірі арқылы баяндалды.

Әдебиеттің қайнар бұлағы — сөз өнері. Сөз — әдебиеттің темір-



СЫРЛЫ СУРЕТКЕР

казығы. Би-аға сөз шындығын қиялдан емес, өмір шынайылығынан тудырды. Сол шындығы үлкен суреткерлікке жетеледі. Бейімбет Майлин осы суреткерлік тұжырымға сай қазақ әдебиеті айдынында аяңбай еңбек етіп, бағасы құнды, жарасы әр қоғамда талқыға түсетін шығармалар қалдырды. Жазушы-драматург шығармаларындағы кейіпкерлер психологиясы — жаңа үрдістің қалыптасуын мойындай алмайтын, іштей тұншыққан жарым жандар мен жаңа кезеңнің тәртібін орнатушылардың арпалысы. Әдебиеттің сан тараулы түрінің бірі — жанрлар: проза, әңгіме, драма, фельетон, сатира, әзіл-сықаққа тән туындылардың табиғатын аша білді. Жазушы өзінің драмалық шығармаларында оқиғаларды байланыстырушы, болған жайтты әдеби құрастырушы әрі оқиғаларды ғаламат шиеленістіруші. Ол — адам табиғатын терең білуші. Адамның ішкі жан-дүниесіне үңілуші. Әдеби кейіпкерінің жан сарайына сырлас бола білді. Жалғыз мұндасы да сол жазушы. Би-аға кейіпкер жыласа жұбатұшысы, күлсе қолдаушысы болды. Көптеген тағдырдың тауқыметіне таланған, тар жолда кеңдік таппаған кейіпкерінің қорғаушы қызметін қатар алып жүргені әрбір шығармасында сайрап тұр.

Суреткер — поэзияда сұлу сазды сөз құраушы. Прозада көркем тілді өрнектеуші. Фельетонда фантазияға бай. Сатирада сапырылысқан сөз сайысқа емес, ашық қоғамның ашы шындығын мысқылмен мақұлдап, түйдек оймен түйреп, санаға салып отырды. Би-аға салмақты сатира-сында саяси-әлеуметтік кейіпкерлердің ұстанымын, ұтқыр

десек, экраннан батыр Амангелдінің мергендігі, театр сахнасынан хас батыр Жалбырдың ерлігі оралады. Бейімбет Майлин — қазақтың театр өнері мен кино саласының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан драматург. Би-аға театрға арналған көптеген пьеса-либретто жазды. Жалпы, бізге жеткені — 23 пьеса, оның ішінде ізденіс пен зерттеулер арқылы табылғаны — 16 пьеса.

Бейімбет шығармашылығына қызыл қырғыннан соң қайта табыстырған, мақалаларына, әңгімелеріне талдау жасап, еңбектерін ғылыми зерттеп, жоғын түгендеген жазушы, профессор, ғалым, гуманитарлық ғылымдарының академигі Токтар Бейісқұлов екенін еске түсірген артық емес.

Сахнаның өлшеміне дөп түсер Досан, Есімбек, Сарымсақ, Жалбыр, Елемес, Жамақ, Таңсық, Жамантік, Талтаңбай, Сейпен, Тұтқыш, Жамал, Пүліш, Шермек образдары — бүгінгі біз іздеп жүрген тақырыптың шешуін түбінен қозғар кейіпкерлер. Тынысы кең, тіршілігі тар тағдыры шерге толы кейіпкерлері осы күні арамыздан да табылады. Бұл драмаға тиесілі тәсіл ғасыр-

лар үндестігі әрі жазушының үлестіре білгенінде. Пьесалардағы көтерілген мәселелер — адамның өмірі, адамның күресі. Бейімбет Майлин драмаларындағы басты шиеленіс, ол — адамның тебіренісін оятқан теңдік пен құлдық, еркіндік пен бостандық, бақ пен тақ, бағыну мен бағыныштылық, сатқындық пен адалдық көріністері. Би-аға өзінің драмаларында зарлы әйелдің запыран сөзін, долы келіннің ащы зарын, адуынды ененің кесел мінезін, сұлу қыздың сымбатын сөз әрекетіне сай суреттеген. Еркектің мінезін — барына қанағат, жоғына сабыр ететін жұмсақ мінез иесі етсе, кейде байдың батырмасына көндіккен кедейге араша болған, батырақтың балағына жармасқанды арқасынан сабаған өркөкірек образдар мен саналы ойда болатын, ескі мен жаңаны саралайтын парасатты кейіпкерлері арқылы жеткізді.

Осы күні саны көп, сапасы айтарлық, көркемдік деңгейі санасуға тұрарлық сахналық шығармаларының көпшілігі қазақ театрлары сағасында сығалаған күйі қалып барады. Десек те, қазақ драматургиясының алтын қорынан орын алған Бейімбет Майлиннің шығармаларын бұл күнде қазақ театрлары сахналауының себеп сыры неде екен? Тәуелсіздік жылдарынан бері Майлиннің санаулы пьесалары сахналанды. Осы біздер Би-ағаның пьесаларын сахнаға сыйдыра алмай жүрміз бе, әлде сый-

дыртпай жүрміз бе? Қазақ театр өнеріне кеңдік жасаған, алып бәйтерек Би-ағадраматургиясына кемдік жасап жатқан жоқпыз ба?

«...Театр кітабына бірінші жазғаным «Неке қияр», «Жат сабақ» дегендер еді. «Жат сабақты» артынан өзгертіп, «Шаншар молда» деп атады...» деген Би-ағаның адам психологиясына тән қыңыр мінез, ашкөз пенде қылығын талғам тәсілімен жазған салмақты сатирасы, халықтық театрлар мен халықтың сағымына айналған «Тамаша» ойын-сауық отауларында жылт еткені болмаса, кең көлемді театр сахналарынан жарқ етпеді.

Жазушы-драматург Бейімбет Майлин өзі жазған «Жалбыр» пьесасы туралы былай деп жазды: «...«Мен пьесада 1916 жылдың таптық көтерілісінің сырын ашуға тырыстым, езілген, қанауда келген кедей, батырақ көпшілігінің қол ұстасып патшалыққа, патшаға арқа сүйеген бай-болыстарға қарсы шын ашынып, майданға түскенін суреттемек болдым. Жалбыр дейтін кісі бұрынғы Қостанай уезі Дамбар болысындағы кедей еді. 1916 жылғы көтерілісте осы кісі бастап атқа мінді. Қостанай уезінің бірнеше болыстары бірігіп, Торғай уезіндегі Амангелді көтерілісіне атсалыспақшы болды...». Өз дәуірінде теңдесіз бұл туындыны осы күндері іздеп жатқан сахнагерді көре алмадық. Асылында, жай күндері жазушының шығармашылығын насихаттау баяу жүреді де, мерейлі тойы қарсаңында аста-төк тойдың жоспарлары құрылып, артынан жоспарлардың аяқсыз қалғанын түсінбей жатамыз. Мерейлі той аясында Би-аға туралы 45 сериалды деректі фильм түсіру, кітапханаға атын беру, музей құру, шығармаларын сахналау мәселелері айтылады. Орындалғандары — әңгімелерінен екі кино түсірілді («Қыр әңгімелері» режиссері Д.Манабаев, 1974 ж., Д.Саламаттың «Талак» фильмі 2024 ж.), әңгімелер желісінен «Кім кінәлі» (әзірлеген — С.Тұрсынбекұлы, 2016 ж.) сахналық нұсқасы әзірленді. Би-ағаның өмірі мен қызметіне арналған «Қаламгер» (режиссері — Ә.Баймахан 2019 ж.) спектаклі сахналанды. Қостанай облысының бұрынғы Таран ауданы қазір Б.Майлин ауданы деп өзгертілді. Бұл атқарылған жұмыстар көп пе, әлде аз ба?!

Ұлт үшін қайраңдаған қайықтай күн кешкен қазақтың үш бәйтерегі — Бейімбет Майлиннің «Жалбыр», «Майдан», «Шұға», Ілияс Жансүгіровтің «Кек», «Түркісіб», «Исатай-Махамбет», Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында» пьесалары 130 жылдық мерей тойында сахналанбаса, қай мерейтойында сахналаймыз?!

Самат АЛТАЕВ,
Ө.Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
магистрі

ЖАҢА САРАП

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБАЙ

Америка өз таңдауын жасады. Америкалықтар Ақ үйдің де, Конгрестің де тізгінін Республикалық партияға табыстады, Демократиялық партияны басшылықтан аластады. Сарапшылардың пайымдауынша, мұның бір салдары болады. Бірақ ол салдардың қандай болатыны әзір белгісіз. Өйткені АҚШ-тың жаңа президенті Дональд Трамп ешқандай сайлауалды тұғырнамасын ұсынбады.

БҮКІЛ БІЛІК БІР ПАРТИЯ ҚОЛЫНА КӨШТІ

Атлант мұхитының ар жағындағы супердержавда 5 қарашада өткен президент сайлауының қорытындысы енді белгілі болды. Бұл жерде басты әңгіме дауыс берудің ақырғы нәтижесінде емес. Айтпақшы, билік басындағы Демократиялық партияның үміткері, іс басындағы вице-президент Камала Харрис таңдаушылардың 226-сының, оның қарсыласы, Республикалық партияның кандидаты, экс-президент Дональд Трамп 301-інші дауысын жинады. Жеңіске жету үшін 270 таңдаушы қолдаса да жеткілікті.

Бұл ретте Харрис ханымды 69 млн 86 мың 766 қарапайым америкалық сайлаушы (47,7%), ал Трампты 73 млн 417 мың 986 сайлаушы (50,7%) жақтап, дауыс берген. Сөйтіп, Дональд Трамп таңдаушылардың да, сайлаушылардың да басым дауысын иеленіп отыр.

Мұндағы басты қорытынды — Республикалық партияның айқын жеңісінде де емес. Бұл сайлауда Камала Харрис қана ұлы бөйгеде шаң қауып қалғанда, саясаттанушылар, партиялық жетекшілер және басқасы жеңіліске жеке соны ғана кінәлайтын еді. Алайда бұл жолғы додада 2018 жылдан бері алғаш рет Республикалық партия Сенатта басымдыққа ие болды. Өйткені ол Огайо мен Батыс Вирджиния штаттарында жеңді: Сенатта енді Огайо атынан демократ Шеррод Браунды республикалық Берни Морено, ал Батыс Вирджиния атынан қазіргі сенатор Джо Манчинді республикалық Джим Джастис ауыстырады.

Республикалық партия бұған дейін Конгрестің Өкілдер палатасын өз бақылауына алған болатын. Нәтижесінде, республикалықтар әлемдегі №1 державаның барлық тізгінін — атқарушы, заң шығарушы биліктерін уысына түсірді. Сот билігінде, Жоғарғы сотта да республикалықтардың қатары басым. Осылайша, кандидаты ғана емес, бүкіл Демократиялық партия жаппай жеңіліске ұшырап, оппозицияға кетті.

Ақ үйді, Сенатты, Өкілдер палатасын қатар қанжығалаған республикалықтар кең өкілеттікке ие болып, ең басты күшке айналды. Ол бұдан былай ешкімге қарайламай, президент Трамптың күн тәртібін емін-еркін ілгерілетеді, қалаған заңын қабылдайды. Америкалықтардың демократтардан көңілі қалғанын мынадан да байқауға болады: Огайо штатында элитаға беделі жоғары сенатор Браунды колумбиялық иммигрант, бұрынғы көлік сатушы Морено жығып кетті. Өзін халық өкілі ретінде ұсынған республикалық Берни Морено азуы алты қарыс Шеррод Браунды бар жерде мазак етіп, әбден құнын түсірді. Қос



АМЕРИКАНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫН ЖАЗАМА?

саясаткердің күресі АҚШ тарихындағы ең қымбат сенаторлық бөйгеге айналды. Демократтардың аяусыз ақша шашуы нәтиже әпермеді. Батыс Вирджинияда жеңіс тұғырына көтерілген Джим Джастис бұған дейін демократ болған, одан көңілі қалғанын мәлімдеп, 2017 жылы Трамп жақтаушыларының қатарын толықтырды.

Өткен сейсенбіде Сенаттың 34 мандаты «ханталапайға» салынды. Онда республикалықтардың шоқтығы биік болды. Демократтар арасынан Мэрилендте Энджела Олсбрукс танымал республикалық Ларри Хоганды қапы қалдырды. Делавэр штатында Конгресте үш мерзім қатарынан отырған демократ Лиза Блант Рочестер қайтадан алдына қара салмады. Осының нәтижесінде Америка тарихында тұңғыш рет бір мезгілде 2 кара нәсілді сенатор болады. Бұған дейін тек бір сенатордан болды. Нью-Джерси атынан АҚШ тарихында тұңғыш рет корей өкілі — демократ Энди Ким сенатор болды. Өкілдер палатасында да тарихи оқиға: АҚШ тарихында алғаш рет трансгендерлік әйел (Сара Макбрайд) конгрессмен атанады.

ВАШИНГТОНДЫ «ТІЛСІЗ ЖАУ» ЖАЙЛАЙ МА?

Трамптың жақтастары сайлауалды тұғырнама орнына «2025 Жобасын» ұсынды. Бастапқыда бұл кітап «Американы құтқару үшін Вашингтонды өртеуі» (Burning Down Washington to Save America) деп аталды. Саясаттанушы Алекс Шепардтың айтуынша, кейін Трамптың кампаниясымен байланысының күшеюіне орай тақырыбы «Американы құтқару үшін Вашингтонды қайтарып алу» (Taking Back Washington to Save America) деп жұмсартылды. Дегенмен онда бәрібір FBI, Әділет министрлігі, басқа мекемелерді, либералды университеттерді жою, АҚШ-тың федералдық үкіметі функцияларын жеке секторға беру ұсынылған. Трамптың өзі бұл қуғын-сүргінді «батпақты құрғату» деп атады.

«2025 Жобасында» айтылғанды құптаған Д. Трамп оны орындау үшін бір күнге диктаторлық уәкілеттіктерге ие болатынын, бұрынғы биліктің белді өкілдерін, соның ішінде Байден мен оның баласын тұтқындауға әскер жіберетінін айтты, қорқытты. «2025 Жобасы»

және Трамптың мәлімдемелері негізінде Голливуд Civil War (Азаматтық соғыс, прокатқа «Падение империи» деген атпен шықты) сияқты «фильм-катастрофа» жанрында қапталып кино түсірді. Сайлауалды үгіт кезінде Дональд Трампқа жасалған қастандық үрей бұлтын қалындата түсті.

Сайлау артта қалды, бір жақсысы, көп күткен апат болмады. Бұл доданың басты әрі маңызды қорытындысы да осы болса керек. Камала Харрис 6 қараша күні қарсыласына өзі хабарласып, оны жеңісімен құттықтады. Кеше NBC News-ге сұхбат берген Дональд Трамп Байденмен де жап-жақсы әңгіме-дүкен құрғанын айтты.

— Сайлаудан кейін Украина президенті Зеленскиймен телефон арқылы тілдестім. Владимир Путинмен сөйлескен жокпын, менің ойымша, әлі сөйлесеміз онымен. Сәрсенбінің таңынан бері әлемдік 70 шақты лидермен әңгімелесіп үлгердім. Президент Джо Байден, вице-президент Камала Харрис қонырау шалды, жеңісіммен құттықтады. Екеуімен де құрметке құрылған, өте жағымды әңгіме болды, — деді Д. Трамп.

Оның айтуынша, Харрис елдегі бейбітшілік пен тұрақтылық сақталуы үшін билікті тапсыру барында қалыпты, байсалды болғанын қалайтынын жеткізіпті. Трамп бұған келіскенін айтты. Ендеше «Штаттар соғысы», әскер мен қарулы топтар жұмылдырылатын азаматтық соғыс болмайтындай ұқсайды. Жаңа сайланған президент жуырда іс басындағы президентпен дастарқандас болып, бірге түстенетінін жеткізді.

ТРАМПТЫҢ ЖЕҢУІНІҢ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Би-Би-Си жазуынша, Дональд Трамптың 2016 жылғы жеңісін либералды және консервативті сыншылар кездейсоқтық немесе жүйелі уақытша ақау деп қарастырды. Оған ресейлік хакерлердің, Хилари Клинтонға қатысты өсек-аяндар, қасақана жүргізілген дезинформациялар ықпал еткені туралы көп айтылды. Бұл жолы Трамп сенімді жеңіске жетті және тек таңдаушылармен шектелмей, алғаш рет сайлаушылардың басым дауысын

иеленді. 2016 жылы Клинтон ханым сайлаушылардың бірнеше миллион дауысын артық жинаса да, таңдаушылар есебінен ұтылған еді.

Financial Times жазуынша, 2024 жылғы сайлау АҚШ жұртшылығының үлкен бөлігі сөзі ісімен қабыспайтын, саяси этикасы екіжүзділікпен астасып жатқан демократтардан шаршағанын, сондықтан тіпті сот айыпты деп танығанына, екі импичментіне және жыныстық жанжалдарына карамастан, популист Трампты саналы түрде таңдағанын паш етті. Кремний алқабындағы данышпандар да Трампты жақтаған.

Би-Би-Си мұны «жұмысшылар табының бас көтеруі және Демпартияның сәтсіз кампаниясы» деп атады. Билеуші Демократиялық партия бұған дейін кандидаты ретінде ақылынан адаса бастаған кария Джо Байденді ұсынды. Байден дебатты жарға жығып, сайлауға бірер ай ғана қалғанда, 2024 жылғы 21 шілдеде кандидаттық тартысты жалғастырудан бас тартты. Жаңа кандидат партиялық праймериз арқылы таңдалуға тиіс еді. Уақыт аз қалды деген сылтаумен Байден кандидат ретінде өз орынбасары К. Харристі «тағайындады», партия келісе салды. Яғни, демократтардың өзі жақтастарын демократиялық таңдаудан айырды.

Харрис сайлауалды тұғырнама-сын елге ұғынықты жеткізе алмады. Бір айдай бұрын ABC телеарнасы Демпартияның жаңа кандидатына өз бағдарламасын, төл ұстанымын барша Америкаға түсіндіруі үшін тамаша алаң, таптырмас мүмкіндік ұсынды. Тележүргізуші одан Президент Джо Байденнің қандай кателігін түзете алатынын сұрады. «Ойыма ештеңе келмей тұрғаны!» — деп қойып қалды Камала ханым. Осы арқылы ол сайлауалды тұғырнамасында Америкадағы жағдайды жақсы жаққа қарай өзгертетін жаңа ештеңе жоғын аңғартып алды. Харрис өзін танымалдылығы мен рейтингін жоғалтқан бастығына байлады.

Республикалықтар мұны іліп алып, қарсы пиарға қолданды. Түзетілуі тиіс олқылық көп еді, басқасын айтпағанда, тарихта бұрын-сонды болмаған көлемге жет-

кен мемлекеттік борыш, экономикадағы дағдарыс, екіге жарылған қоғам, пандемия кезінде әлемдегі ең көп құрбанға жол берген ақаулы медициналық сақтандыру және денсаулық сақтау жүйесі, мигранттардың миллиондап қаптауына жол берген көші-кон саясаты... Мұның бәрі нақты шешімі табылуға тиіс кезек күтпес мәселе.

Оның орнына Камала Харрис 100 күндік үгіт науқанында әйелдерге аборт жасату құқығын бекітуге, жұмысшыларға — баспананы қолжетімді етуге, қымбатшылықты құрықтауға, Америка көшбасшыларының жаңа буынын дайындауға уәде етуге екпін түсірді. Оны Тейлор Свифт, Бейонсе сияқты танымал жұлдыздар жаппай қолдады. Бірақ елді мезі еткен Байденнің ауыр мұрасы оның бәрін басып кетті. Байден тұсында америкалықтардың үштен екісі «АҚШ қате бағытта келе жатыр» деп санады. Харрис болса, өзін тағайындаған «boss-ын» қатты сынамады, одан іресін аулақ салмады. Сөйте тұра, өзін соның мұрагері емес, жаңа буын адамы ретінде көрсетпек болды.

Ашығын айту керек, бұл сайлау Американың әйел президентке дайын емесін көрсетті. The Hill басылымы Associated Press/NORC орталығының тапсырысымен қыркүйекте жүргізілген әлеуметтік зерттеудің қорытындысын жариялады. Онда сайлаушылардың 38%-ы Харристің әйел затынан болуы оның Президент болып сайлануына кедергі екенін мәлімдеген. Осы орайда кеше АҚШ тарихында тұңғыш рет Ақ үйді әйел басқаратыны белгілі болды. Трамп Президент аппаратының басшысы ретінде Съюзи Уайлсты тағайындайтыны анықталды.

Камаланың қарсыласы «Американы қайтадан ұлы етуге» уәде бергені болмаса, нақты сайлауалды тұғырнамасын жарияламады. Содан 900-ден астам митингінде әрнені сөз етті, көрген-білгенін әңгімеледі, ақыл-кеңес таратты, демократтарды тоқтаусыз әжуалады, сөз таппаса, Spotify қосып, әдемі әуенге жақтастарымен бірге ырғала биледі. Мигранттар мәселесін шешу үшін шекараны тарс жауып тастайтынын, келімсектерді еліне жаппай депортациялайтынын айтты. Мұнда қисын шамалы. Алайда халықтың басым бөлігі қолдауы үшін сол да жеткілікті болды.

Чикаго университеті жүргізген кең ауқымды сауалнама барысында әрбір он америкалықтың үшеуі Байденнің заманында өз отбасының қаржылық жағдайын нашарлағанын хабарлаған. Трамптың алдыңғы каденциясы тұсында он америкалықтың екеуі өміріне шағымданатын.

ТМД елдерін қызықтыратыны — сайлауалды науқанында Трамп «Ресей — Украина соғысын 24 сағат ішінде тоқтатуға» уәде етті. Америкалық басылымдар оның қалай жүретіні туралы «инсайд-аппараттарын» жариялап жатыр. Алайда Американың 45-ші және 47-ші президенті Д. Трамптың өзі бұған қатысты жоспарын әзірге жарияламады.

АҚШ-тың жаңа президенті қызметіне кіріспей, бұл тұрғыда да нақты шешімдер қабылдай алмайды. Трамптың ұлықтау салтанатына дейін әлі 74 күн бар. Бұл өтпелі кезең саналады, онда Джо Байден мемлекет басшысы қызметін атқара береді. Американың 47-ші президентінің инаугурациясы 2025 жылғы 20 қаңтарға белгіленді.

Елдос СЕНБАЙ

ЖАҢАН САРАП

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Қазақ «жүргенге жөргем ілінеді» дейді. Ұлт танымындағы бұл ұғым әдетте белсенді болуға, алыс-берісті нығайта беруге үндейтіндей көрінетіні бар. Мемлекет басшысының сапарларына қатысты да осылай деуге болады. Айталық, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы он күнде екі мемлекеттік сапарға шығып, бір саммитке қатысты. Ресми кездесулер мен ірі басқосуларда 6 елдің президентімен, бір елдің премьер-министрімен жолықты. Біздің пайымдауымызша, Мемлекет басшысының әр сапары Қазақстанның дамуын жеделдетіп, ел ішіндегі һәм аймақтағы тұрақтылықты сақтауға бағытталған қадам болса керек.

Әріптестерінің түрлі ұсынысын да тыңдады. Жалпы, ішкі өнімі 1,9 трлн долларға жеткен ТМҰ-ға мүше елдерінің мүмкіндігі зор екенін Мемлекет басшысы жақсы біледі. Ұнтымақтастық арқылы инвестицияны ұлғайтуға, жана жұмыс орындарын ашуға, өндірілген тауарды шетелдерге оңай сатуға болады. Сонымен

былдайды. Сауда-экономикалық байланысты арттыру жөніндегі Жол картасына қол қойдық», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшы Айбар Олжаев Президенттің Моңғолияға сапары Қазақстан үшін пайдалы екенін атап өтті. «Қазақстан алдағы уақытта Моңғолияда вакцина өндірісін ашпак. Бұл қазақтың ветеринарлық вирусология саласындағы үлкен жеңіс. Сонымен бірге Моңғолияның қазба байлықтарына есік ашылды. Біздің көздеп отырғанымыз боксит еді. Енді отандық инвесторларға Моңғолияда жұмыс істеу жеңілдемек», — деп жазды ол.

Қысқасы, он күн ішінде Қазақстан басшысы жасаған сапарлар мемлекет қазынасына қосымша қаржы түсіретін, елдің халықаралық сахнадағы ықпалын арттыратын мүмкіндік жасап берді. Кей сарапшылар бұл сапарлардың пайдасы 3 млрд доллардан асуы мүмкін екенін айтады.

ДИПЛОМАТИЯ ОЛЖА САЛАДЫ

Негізі, кез келген мемлекеттің басшысы шетелдерге бағытталған сапарларға мұқият назар аударады. Қазақстан да солардың қатарында Қасым-Жомарт Тоқаевтың шетелге сапарларын, халықаралық жиындарға қатысқан сәттерін ой елегінен өткізгенде сыртқы саясаттың жүйелілігі бірден көзге түседі. Президент БҰҰ-ны реформалау идеясын қолдайтынын бірнеше мәрте байката жүріп, осы ұйымдағы жетекші елдермен қарым-қатынасты да нығайтуға барын салып келеді. Шығыстағы Қытай да, теріскейдегі Ресей де, осы аптаның басында ат ізін салған Франция да — БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде шешуші рөл атқаратын мемлекеттер. Олардың ешқайсысымен жүз шайысуға мүдделі емеспіз. Айталық, осы айдың ішінде Ресей президенті В.Путин мемлекеттік сапармен Қазақстанға келеді. Ал келесі аптада Бакуде COP29 деген атпен БҰҰ-ның климат жөніндегі саммиті өтеді. Қазақстан тарапы бұл саммитке қолдау білдіретінін бірнеше мәрте мәлімдеген. Тіпті, басқосуға Президент те баруы мүмкін. Біздің пайымдауымызша, мұндай басқосуларда ресми немесе бейресми кездесулердің, әңгімелесудің болуы қалыпты дүние. Әрі мұндай жиындарды қолдау арқылы Қазақстан БҰҰ-ны реформалап қана қоймай, оның жұмысын жетілдіруге мүдделі екенін де байкатады. Мұны Қазақстан сыртқы саясатындағы басымдықтардың бірі ретінде бағалаған дұрыс.

БҰҰ нормаларының сақталуын жақтау сөзден ғана емес, нақты істен де көрініп тұруға тиіс. Айталық, Қазақстан БҰҰ-ның әр мемлекеттің аумақтық тұтастығына кепілдік беретін ұстанымын қолдайды. Демек, өзінің сыртқы саясатында бұл нормаларды бұзатын қадамдарға бармауы керек. Дипломатия деген осы. Ал дипломатия қазір Қазақстан олжа салып тұр. Әрі ел дамуына да, мемлекеттің қауіпсіздігіне де қызмет етіп келеді.

Ардақ СҰЛТАН

АТЫҢ БАРДА ЖЕЛПІ ЖҮРІП ЖЕР ТАНЫ

Әрине, Мемлекет басшылары шетелге сапарға жер тану үшін шықпайды. Асын беріп ел тануды да мақсат тұтпайды. Алыс-жақын шетелдерге аттанатын басшылардың өз маскаттары болады. Елдің мүддесі үшін әрекет етеді. Қазақстан да дәл осы ережеден ауытқымақ емес.

Аптаның басында Қасым-Жомарт Тоқаев Францияға мемлекеттік сапармен барған болатын. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі, ядролық қаруы бар, атом энергетикасы саласында әлемдегі жетекші елдер қатарына кіретін Франция — Қазақстанның стратегиялық серіктестерінің бірі. Ірі инвестор әрі жаһандық саясатта өзіндік орны бар мемлекет ретінде Франция еліміздің көпвекторлы ұстанымда айрықша орын алады. Мамандар Францияның Қазақстанға салған инвестициясының көлемі 2025 жылдың басына қарай 20 млрд долларға жететінін болжап отыр. Одан бөлек, биылғы 9 айдың өзінде өзара тауар айналымы 4,2 млрд долларға жеткен. Осы жолғы сапар барысында тараптар жалпы сомасы 2,2 миллиард долларды құрайтын 24 ведомствоаралық келісім мен коммерциялық шартқа қол қойды. Бұл келісімдердің игілігін бұқара алдағы жылдары көреді.

Франция Қазақстаннан мұнай, астық, фосфор сияқты өнімдер алса, біз француздар өндіретін техникаларға мұқтажбыз. LSM сайты Қазақстан бір жыл ішінде Франциядан 11 ұшақ, 820 дана бульдозер, жүк көтеру техникасы тәрізді өнімдерді, 1 100 трансформатор, 195 трактор алғанын жазды. Қазақстанға Франциядан жеткізілген косметика өнімдерінің салмағының өзі 921 тонна болыпты. Одан бөлек, Франциядан дәрі-дәрмек те сатып аламыз. Елімізде француз капиталы бар 200-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.

Қ.Тоқаев Франция президенті Э.Макронмен кездесуінде осы жайды айтқан еді.

— Қазір мемлекеттеріміз арасында белсенді және сенімді саяси диалог бар. Қазақстан мен Франция халықаралық сахнада тығыз байланыс орнатып, көпжақты құрылымдар аясында бейбітшілік пен орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуде. Франция — біздің аса ірі сауда серіктестеріміздің бірі. Сіздің еліңіз — Қазақстан экономикасына мол инвестиция салып отырған жетекші елдердің қатарында. Бүгінде Қазақстанда француз капиталы бар 200-ден астам компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Қазақстанда белсенді жұмыс істеуге ынталы француз бизнес өкілдеріне шынайы ризашылы-

ПРЕЗИДЕНТ ҰШАҒЫ: САЛЫМЫ МОЛ САПАРЛАР



Елшар КАБА (қолжазба)

ғымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Олардың арасында Alstom, Total Energies, Air Liquide, Orano, Vicat, Danone, Lactalis секілді алпауыт компаниялар бар. Әдетте, азаматтық өнеркәсіп салаларында жұмыс істейтін осынау компаниялармен қатар, Қазақстан қауіпсіздік саласында да француз кәсіпорындарымен ынтымақтастық орнатауға мүдделі. Осыған дейін Thales компаниясымен бірлесіп радиолокациялық стансалар құрастырылған еді. Бұл бағыттағы ынтымақтастық да жалғасатын сыңайлы. Айталық, Президент сапары барысында Қазақстанның Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Парижде бұлттық технологиялар саласындағы жетекшілердің бірі — Clever Cloud, ғарыш және авиа технология саласындағы алпауыт Airbus, жасанды интеллект бағытында жұмыс істейтін Synchrotron Soleil тәрізді компаниялардың өкілдерімен кездесті. Бұл кездесулерде көбіне қауіпсіздік саласына қатысты мәселелер талқыланған еді. Бір сөзбен айтқанда, Президенттің Францияға сапары Қазақстанның дамуына ғана емес, қауіпсіздігіне де қызмет ететін келісімдерге қол жеткізуге мүмкіндік берді деген сөз. Әрі ресми Астана жақтайтын халықаралық жобалардың толық жүзеге асуына да ықпал ететіні сөзсіз.

Халықаралық жобалар де-



Он күн ішінде Қазақстан басшысы жасаған сапарлар мемлекет қазынасына қосымша қаржы түсіретін, елдің халықаралық сахнадағы ықпалын арттыратын мүмкіндік жасап берді. Кей сарапшылар бұл сапарлардың пайдасы 3 млрд доллардан асуы мүмкін екенін айтады.

стан үшін бүгінде Орта дәліз аталатын транзиттік бағыттың маңызы орасан зор болып тұр. Қытайдан басталатын заманауи «Жібек жолы» Қазақстан жері арқылы Әзербайжанға, одан әрі Еуропаға жетуі керек. Осы бағытты «Орта дәліз» деп атап жүрміз. Қ.Тоқаевтың Францияға сапары кезінде «Орта дәліздің» өзектілігі де ескерілгені анық. Айталық, француздарға уран керек. Ал оны Орталық Азияның бірнеше елі, соның ішінде Қазақстан өндіреді. Біздің уран өндірісіміздің үлесі өзгелерден біршама жоғары екені тағы бар. Осы өнімді Францияға жеткізуде «Орта дәліз» айырықша рөл ойнайды. Ал «Орта дәліздің» бойында түркі мемлекеттері орналасқан. Содан да шығар Президент ұшағы Парижден тікелей Бішкекке қарай ұшты.

Бішкекте Түркі мемлекеттері ұйымының XI саммиті өткен еді. Түркілер бас қосқан жиында да «Орта дәліздің» маңыздылығы назардан тыс қалған жоқ. Қазақстан Президенті ТМҰ-ны дамыту, ынтымақтастықты тереңдету, ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыру тәрізді мәселелерді көтерген.

бірге бауырлас халықтардың арасындағы рухнаи жақындықтың өзі өзекті. Қазақ аңызында айтылатын, Шыңғыс қағанның ұлдарына жебе сындыртатын тәмсіліндегідей, берекенің маңызын осындайда көреміз.

Айтпақшы, Президенттің он күн ішінде барған елдерінің бірі — Моңғолия еді. Томаға-тұйық күй кешіп жатқандай болғанымен, тарихи тамырластығы бар елде 100 мыңнан астам қандасымыз мекен етеді. Саясаттанушы Асхат Қасенғали ондағы қазақ саны 120 мыңнан асуы мүмкін екенін де жазған еді. Әрі стратегиялық тұрғыда бұл ел де Қазақстан үшін маңызды екенін атап өткен. Ал Қазақстан басшысы бұл елге 16 жылдан соң мемлекеттік сапар жасапты. Осы сапарда Қазақстан мен Моңғолия арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы декларацияға қол қойылды. Арадағы сауда-саттықты 150 млн-нан 500 млн долларға жеткізу мақсаты да айтылды. «Ол үшін алыс-берістегі тауар түрін көбейту керек. Сондай-ақ экономикалық ықпалдастықты тежейтін кедергілерді жою қажет. Екі ел Үкіметі нақты шаралар қа-

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

АСЫҒЫСТЫҚ ТҮБІ – ӨКІНІШ

Қарағандыда асыққандықтан мереке күні ашып тастап, кейін қайта бастаған құрылыс дауы жүріп жатыр. Бұл жолғы сөзіміз «Алаш алаңы» жобасы туралы болмақ.

Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Быттыр Қарағанды урбанистика орталығы Оңтүстік-Шығыстағы ту тұғырының жанында «Алаш алаңы» жобасын жүзеге асыруды бастады. Айта кету керек, «Алаш» саябағы жобасын әзірлеу кезінде ағаштарға қатысты мәселелер туындады. Демалыс үшін қоғамдық кеңістікті құру кезінде ағаштарды сақтау маңызды болды. Урбанизм орталығының идеясы алаңға негізгі кіреберістерді, платформаларды, кішігірім архитектуралық формаларды қамтыды, мұның барлығын ұлттық нақышпен бір ыңғайлы жерде біріктіру маңызды болды.

16 қазанда көпжылдық гүлдер отырғызыла бастады. Кейін саябаққа кішігірім архитектуралық пішіндер әкеліне бастады. Урбанистика орталығының сәулетшілер тобының жетекшісі Алексей Волошин: «Алаң ту тұғырының артында басталып, Сарыарқа көшесінің бойымен созылып жатқан Тәттімбет көшесімен аяқталады. Жарықтан дыру қосылған, спорт және балалар ойын алаңдары жабдықталған. Шағын сәулет нысандарының барлығында қазақтың ұлттық нақыштары, кейбірінде «Алаш» партиясы мүшелерінің портреттері болады. Сондай-ақ QR коды бар тактайшалар орнатылады, оны сканерлеу арқылы тілек білдірушілер Алаш партиясы туралы ақпарат оқи алады», — деген болатын.

Дегенмен жанталаса істеген іс тына ма? Республика күні мереке-сінде салтанатты түрде ашылған «Алаш» алаңында шу шықты.

«Ол жердегі асықтар сынған, жалпы сапасыз жасалыпты. Каучук



сияқты, тіпті каучук бұдан мықтырақ болар. Сол жерде олардың сынып жатқанын көрдім, өздігінен сынған сияқты. Ұзаққа созылып еді олар быттыр бастады, бірақ әлі істеп жатыр. Сонда да сапасыз, бірден байқалады. Сосын жөндеуді қайта бастайды, жөндеуге де 2 миллиард тенге құртады», — деді қарағандылық Айбике Тілемісова.

Тұрғындардың сөзінше, балаларға арналған ойын алаңдары да нашар жағдайда. Қала тұрғындарының айтуынша, олар қауіпті. Ересектер балаларды өңделмеген ағаштан аулақ ұстауға тырысады.

«Қауіпті болса жақындамай, басқа жерде жүреміз. Әрине, мұнда ақша бөлгеннің өзінде оны қолдана алмайтынымыз өкінішті», — деді Ақмарал Сағатбекова.

Атышулы жобаның құны — 1 миллиард 200 миллион тенге. Мердігер төлемнің 30%-ын алып үлгерген екен. Бірақ шенеуніктер тағы бюджет қаржысын бөлуге ниетті. Мұнда олар алашордалықтарға арналған тақырыптық шағын архитектуралық пішіндерді орнатуға уәде беріп отыр.

«Жақында қар жауып, күн суытады. Түрлі жаракаттардың немесе кез келген жағымсыз жағдайлардың алдын алу үшін біз бұл элементтерді қазір жай алып тастаймыз. Оларды биыл консервацияға аламыз және ол жерде ешқандай жұмыс жүргізбейміз. Ағаштан жасалған балалар бұйымдары бойынша да хабарлама

жіберілді, біз техникалық қадағалау жасаймыз. Олар да ретке келтірілмек. Жоба екінші рет түзетуден өтті, біз соманы күтіп отырмыз. Сәйкесінше кеңейтіледі», — деді Қарағанды қаласының Қазыбек би аудан әкімдігінің абадтандыруды жоспарлау бөлімінің басшысы Нариман Итқарин.

Қарағандылық шенеуніктердің жобалары бұған дейін де сынға қалыпты. Мәселен, жаздың басында қала тұрғындары қалаға кіре берісте пайда болған тіректерді сынға алды. 10 құрылымға бюджеттен 45 миллион тенге бөлінген.

Орталық даңғылдағы 40 мың шаршы метр тасжолдың ауыстырылғаны да көпке жаппаған. Себебі ол қазынаға 1,5 миллион тенгеге жуық шығын әкеледі.

«Бәрін тез-тез, қар жаумай тұрып бітіргісі келіп жатыр. Сапасы өте нашар. Неліктен мұны әкімдіктің өзі істемейді немесе техникалық қадағалау жасамайды? Халықтың өздері уайымдап, «қисық, қиғаш істеліп жатыр, қыста су болады, су ағып кетеді» деп жатады. Бақылау жағы ақсандап тұр. Тапсырыс беруші әкімдік бақылау жағын реттесе», — деді қоғам белсендісі Бактияр Омарханов.

Не де болса, қазір «әкімдік тапсырды, сол күні бітіруіміз керек» деген қағида санамызға мықтап орныққандай. Әйтпесе, бітпеген жұмысты халық алдына алып шыққанды қалай түсіндіреміз?!

ОТБАСЫ – БАЛАНЫҢ БАҚЫТТЫ МЕКЕНІ

Шымкент қаласында Ұлттық бала асырап алу агенттігінің ұйымдастыруымен «Баланың бақытты мекені – отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның мақсаты – Қазақстанда Кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізу бойынша ақпарат беріп, қатысушылар арасында пікір алмасу. Қазір бұл институтқа қатысты заң жобасы Мәжілістің жұмыс тобының қарауында.



Дөңгелек үстелге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру саласындағы өзгерістерді талқылау үшін Білім беру, Денсаулық сақтау, Әлеуметтік жұмыспен қамту басқармаларының өкілдері, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қызметкерлері, педагог мамандар мен журналистер қатысты. Шарада кәсіби қабылдаушы отбасылардың ерекшеліктері мен баланы қабылдаған отбасылардың құқықтарын қорғау мәселелері жан-жақты қарастырылды.

Қатысушылар кәсіби қабылдаушы отбасылардың міндеттері, олардың еңбек ақысы, отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері жайлы қызу пікір таластырып, талқылау барысында «Кәсіби қабылдаушы отбасындағы баланың құқықтары кімнің бақылауында болады?», «Отбасының міндеттерін қалай қадағалау қажет?» деген сауалдар талқыланды. Сонымен қатар отбасылардың қолдау механизмдерін жетілдіру қажеттігі де аталып өтті.

«Ұлттық бала асырап алу агенттігі» жобасының басшысы Фарида Рахметова бұл институттың, балалардың құқығын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қызметкерлер мен қорғаншылық органдарының санын көбейтудің маңызды екенін атап өтті. Бұл шаралар өтініштерге жылдам жауап беруге, асырап алушы отбасыларға қажетті көмек көрсетуге, балалардың құқықтарының сақталуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Іс-шараның нәтижесінде мемлекеттік органдарға Кәсіби қабылдаушы отбасы институтының маңыздылығы туралы егжей-тегжейлі баяндалды.

Н.САЙЛАУҚЫЗЫ

ШАРУАЛАР ЖАЙЫНА ҚАНЫҚТЫ



Түркістан облысында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүйелі жүзеге асып келеді. Бүгінде билік өкілдері халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге оң серпін беретін «Ашық әкімдік» кеңесінде қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдайды. Одан бөлек, халық арасына шығып, тікелей мәселелерге назар аударып келеді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Түркістан облысында 25 мың агроқұрылым мақта шаруашы-

лығымен айналысады. 2024 жылы 106,4 мың гектарға мақта дақыл егіліп, жалпы егістіктің 12 пайызын құрады. Күзгі жиын-терім барысында туындаған мәселелерді

дер кезінде шешу және тауар өндірушілер арасында ақпараттық түсіндіру шараларын жүргізу үшін облыс әкімі Дархан Сатыбалды арнайы жұмыс тобын жасақтап, жағдайды тұрақты бақылауына алды. Осы мәселе аясында мақталы аймаққа сапарға шыққан облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков Жетісай және Мақтарал ауданының шаруаларымен кездесіп, алқалы мәжіліс өткізді.

Түркістан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадыраков мемлекеттік қолдау аясында қаржылардың басым бөлігі мақта шаруашылығын дамытуға бағытталғанын айта келе, бағдарламалар бойынша атқарылған жұмыс есебін ұсынды. Мақта зауыттарының өкілдері мен шаруалар күрмеулі мәселелерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді. Мақта қабылдау бекеттерінің жұмысын жүйелеу, мақтаны сұрыптай отырып бағалау және сууенмдеу технологиясын ендіруге қатысты сұрақтарға жауап берген Нұрбол Тұрашбеков, «Мақтаның бағасы

түспеу үшін өздеріңізбен бірге оның сапасын арттыруға күш салуымыз керек. Ұсыныстарыңыз орынды, егілетін мақта тұқымына көңіл бөлуге тиіспіз. Бұл бағыттағы әкімдік тарапынан қолға алынған бастамалар, ең алдымен, шаруашылықтардың мүддесін көздейтінін атап өткім келеді», — деп атап өтті.

Қазір әкімдік тарапынан мақта өңдеуші зауыт басшыларының және қоғамдық ұйымдардың келісімдерімен, сондай-ақ қоғамдық ұйым белсенділерін қатыстыра отырып арнайы мобильді жұмыс тобы құрылды. Мобильді топ арқылы қыркүйек айында бақылау жүргізіліп, мақта өңдеу зауыттарының мақта қабылдау бекеттеріндегі зертханалар мен таразылар толық сертификаттаудан өткізілген.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков осынау жұмыс сапары барысында Сарыағаш ауданында да болып, бірқатар жылыжай иелерімен кездесті. Шаруалар қатты отын бағасын тұрақтандыру, көкөніс пен жеміс-жидек импортын реттеу бойынша өтініштерін жеткізіп, электр қуатының қыс мезгілінде үздіксіз берілуін қамтамасыз етуді сұрады.

Қазір ауданда көмір тапшылығы жоқ.

Көтерілген мәселелерге қатысты заң аясында тиісті жұмыстар атқарылатынын айтқан Нұрбол Әбдісаттарұлы облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы мен аудан әкімдігінің жауапты мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді.

Түркістан облысында жылыжайлардың жалпы көлемі 1 640 гектарды құрайды. Бұл республикалық көрсеткіштің 71 пайызын құрайды. Биылғы 9 айда өніміздегі жылыжайларда 150 мың тонна көкөніс жиналып, маусымаралық кезеңде жергілікті өніммен республика халқы қажеттілігін 42 пайызға қамтамасыз етті. Өнеркәсіптік жылыжайларды дамыту бойынша бүгінде 602 гектар алқапты қамтитын 3 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, жанадан 6 150 жұмыс орындары құрылып, жылыжайлардан қосымша 180 мың тонна өнім жиналады деп күтілуде. Бұл өз кезегінде республика халқын маусымаралық кезеңде жылыжай өнімдерімен 100 пайыз қамтамасыз етуге мүмкіндік ашады.

ТАНЫМ

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



Қасиетті Сыр топырағында ежелгі дәуірден қалған көне қалалардың ізі самсап жатыр. Онда өткен тарихымыздан мағлұмат беретін құнды жәдігерлер аз емес. Бүгінде құм қойнауына жасырынған асыл қазыналарымыздың ақиқатын ақтару мақсатында ежелгі қала орындарын аршып, кезең-кезеңімен зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Нәтижесінде, Тұран даласының тылсымдарына қанық болып жатырмыз.

Тұранның АЛТЫН

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

«ТҮГІСКЕН КӨСЕМІ»
ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

Жуырда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің 85 жылдығына орай Сыр тарихынан тін тартқан құнды жәдігерлердің реконструкциялары халық назарына ұсынылды. Атап айтқанда, «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары өткен тарихымыздан сыр шертті.

Жалпы, бұл қос жәдігер төңірегінде бүгінгі ұрпаққа не белгілі? Зерттеу нәтижелері не көрсетті? Осы жайында тарихшылардың тың деректерін ақтарып көрдік.

Негізінен, «Түгіскен көсемі» реконструкциясы Оңтүстік Түгіскен ескерткішіне XX ғасырдың 60-жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған алтын қылышты сақ көсемінің мүрдесі негізінде орындалған. Құнды жәдігердің нұсқасы ежелгі темір дәуіріндегі Оңтүстік Түгіскеннен табылған материалдар бойынша б.з.д. V-VII ғасырлардағы тарихи-технологиялық ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылған. Реконструкцияға Ресейдің Мемлекеттік тарих музейінің қорындағы және Мәскеу қаласындағы Миклухо-Маклай атындағы Антропология және этнология институтында сақтаулы жәдігерлер нұсқасы пайдаланылыпты. Мамандардың мәлімдеуінше, Оңтүстік Түгіскен қорымынан табылған көсем бейнесінің қайта жаңғыруы Арал маңы сактарының киім-кешек элементтері, қару-жарақтары мен қосымша бөлшектері туралы тың жаңалықтар ашып отыр.

«Археологиялық зерттеу барысында Оңтүстік Түгіскеннен 34 оба және солтүстік топтағы кесенелер маңынан қазылған 4 оба, барлығы біздің заманымызға дейінгі VII-V ғасырлармен мерзімделетіні анықталған. Сонымен қатар археологиялық қазба барысында Оңтүстік Түгіскен жерлеу құрылысынан алтын қылышты сақ көсемінің мүрдесі ат әбзелдерімен бірге табылған. Бұл бірегей жәдігерлер сол кезеңде Мәскеу қаласына әкелтілген. Қазіргі уақытта андық стильде безендірілген алтын қылыш Мәскеудегі мемлекеттік тарихи музейінде сақтаулы», — деп түсіндірді бұл жайында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Айгерім Беккулиева.

Негізінен, «Түгіскен көсемі» костюмі қызыл түсті престелген күдері матадан дайындалған. Мамандар костюмнің арнайы матадан тігілуінің өзіндік мәні жоғары екенін алға тартады. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, ежелден қызыл түстің терең символдық мәні бар. Ол отпен, қуатпен және өміршендікпен тікелей байланысты, сондай-ақ жоғары мәртебе мен алапат күшті білдіреді. Бұл түс сақ мәдениетінде салтанатты және ғұрыптық киімдер үшін жиі қолданылып, адамның маңыздылығы мен жоғары лауазымын айқындайтын болған. Соған орай, престелген күдері көсем мәртебесі мен әскери қасиеттерін айшықтайтын беріктікті қамтамасыз етеді. Сондықтан күдері көсемнің киіміне жоғары статус беріп қана қоймай, көшпелі өмір салтында қажетті функционалдықты қамтамасыз етуге негізделген.

Сол сияқты «Түгіскен көсемі» костюмінің алтын әшекейлері түпнұсқа технология бойынша жасалыпты. Әшекейлер, оның ішінде андық стильдегі элементтер ежелгі қолөнершілердің шеберлігін және әрбір элементтің қасиетті мағынасын көрсететінін алға тартады.

Ал «Түгіскен көсемінің» маңызды атрибуттары болған қылыш пен қанжар темірден жасалыпты. Бұл оның әскери мәртебесі мен тайпаны қорғаушы рөлін айшықтайды екен. Ал қылыш пен қанжардың қынасы ағаштан жасалып, терімен қапталған. Бұл элементтердің барлығы иесінің жоғары лауазымын, сондай-ақ оның әскери ерлігі мен артықшылықтарын айғақтайтыны мәлім болып отыр.

«ЖЕТИАСАР
АҚСҮЙЕК ӘЙЕЛІ»

Қызылорда облысы Қармақшы ауданында ежелден тіршілік ошағы болған жалпы саны шамамен 50-ден аса камал-қалалар бой көтерген. Оның 27-сі Жетіасар алқабында 5-7-ден топ-топ болып орналасқан. Нақты айтқанда, Сырдарияның көне салаларының бірі — Қуандария мен Ескідарияның бойына салынған. Ежелгі қалалардың қазіргі үйіндісінің биіктігі 18-20 метрге жетеді. Асарлардың барлығы әртүрлі деңгейде тұрғызылып, қорғаныс жүйелерімен қоршалған.

Жалпы, Жетіасар қалаларын зерттеу жұмыстары



кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. Соның негізінде 1973 жылдан бастап 1990 жылдардың соңына дейін Жетіасар шатқалында кең көлемді Алтын асар, Томпак асар, Бидайық асар, Кіші және Үлкен Қосасар мен 700-ге тарта обаларға қазба жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде, обалардан киім-кешек, әшекей бұйымдардың бай коллекциясы табылған. Бүгінде бай материалдық мәдениет кешенінің басым бөлігі Ресейдің Шығыс музейінде, ал бір бөлігі көрші елдің Мемлекеттік тарихи музейінде және Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының қорында сақтаулы.

Көп жағдайда өте көне ескерткіштерге археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу сәтінде киім-кешек қалдықтары сақтала бермейді екен. Зерттеу нәтижесімен жетіасарлық қорғанастан, жерасты молаларының және барлық кірпіш табыттарының 84,4 пайызы ерте кезеңде тоналғаны анықталған. Алайда соған қарамастан жетіасарлық жерлеу орындарынан біршама киім-кешек бөлшектері табылыпты. Қаңқалардың қалпына қарап, тонау әрекеті мүрдeler жерлегеннен кейін көп ұзамай болғаны анықталған. Сол заманда мүрде тонаушылар тек бағалы заттарды ғана иемденгені мәлім

болып отыр. Дейтұрғанмен, тоналған жерлеу заттарының қалдықтары арасында біршама қызықты жеке керек-жарақтар, сәндік бұйымдар, киім-кешектер болған деген болжам бар.

Осы орайда жетіасарлық жібектен және мактадан жасалған маталарды зерттеген А.Елкіна, тігін бұйымдарының алты түрін анықтағаны айтылады. Соның ішінде ұршықта қолдан түтілген жіптерден тоқылған қарапайым

логиялық экспедиция нәтижесінде жерлеу құрылысының №1 нысанынан сақ жауынгері және оның әйелінің сүйектері анықталды. Қабірханадағы мәйіттердің жанынан ұзындығы 1 метрден асатын семсер мен белінің тұсынан белдіктің қалдықтары табылды. Семсердің ромб тәрізді болып келетін жетесі мен конус тәріздес балдағы қоладан құйылса, ал белдік қола жапсырмалар жене тас түймелермен өрнектелген. Сонымен қатар осы мәйіттің оң жағындағы жамбас сүйегінің тұсынан темір қанжар сынығы, құрбандық малының сүйектері, қыш құты мен күміспен құрсауланған ағаш тостағанның қалдығы шыққан. Ал мәйіттің аяқ жағынан қыштан жасалған шырағдан, әртүрлі пішіндегі алтын жапсырмалар табылған.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, ер адам — Тәңірдің мейіріміне бөленген сақ жауынгері. Оған мүрденің бас жағынан табылған «Тәңірдің мейіріміне бөленген батыр» деген парфян жазуы бар қыш құмыра-көнек дәлел.

Осы қазба жұмыстары барысында табылған археологиялық материалдарды, яғни алтын жапсырмалар, әшекей бұйымдар, қару-жарақтар, хош иістендіргіш культтік бұйымы, қыш құмыра-көнек сынды бұйымдарды негізге алып, археолог-ғалымдармен «Шірік-Рабат сақ жауынгері» реконструкциясын дайындады. Оны елге белгілі реставратор Қырым Алтынбеков 2023 жылы жасап шығады.

«Осы орайда тағы бір айта кететін жәйт, 2019 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Казак-Түрік университеті мен Өзбекстандағы МИЦАИ ұйымының бірлесе атқарған археологиялық қазба жұмыстары кезінде Сығанақта №3 қазба нысаны (сағана) орны қазылып, алтын әшекей бұйымдар табылды. Атап айтқанда, бойтұмар, сырғалар, түймелер, маржан моншақтар тарихи жәдігерлер қатарын толықтырды. Археолог мамандардың айтуынша, сағана Сығанақтағы ақсүйектер әулетіне тиесілі. Сағанадан табылған әшекей бұйымдар таяуда Қарағанды облысында зерттеліп, гиперреалистік бейнесі жасалған «Болған ананың» әшекей бұйымдарына ұқсас екені анықталды. Соған орай, сағанада табылған жәдігерлердің ғылыми негіздемесін басшылыққа алып, Алтын Орда кезеңінің ақсүйек әйелінің, яғни «Сығанақ ханшайымының» гиперреалистік бейнесі де жасалды. Негізінен, Сыр даласы — ежелгі өркениеттің ордасы болған құнды деректерге бай өлке. Бұған дейін жүргізілген зерттеу нәтижелері осыны аңғартады. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің биылғы 85 жылдығына орай осынау құнды жәдігерлерімізді реконструкциялау жұмыстары да бекер емес. Осы арқылы өскелең ұрпақтың жалдына өткен тарихымыздың мол мұрасын сіңіруді мақсат тұттық», — деп ойын толықтырды музейдің бөлім меңгерушісі Айгерім Беккулиева.

Жалпы, Сыр өңірінен табылған құнды жәдігерлер, оның ішінде әйелдер киімдері мен әшекей бұйымдарының ғылыми жаңғыртпасын жасау әлі де өздігінен сұранып тұрғаны аңғарылады. Сондықтан да осы жинақталған жәдігерлерге тыңғылықты зерттеу жүргізілсе, Тұран жауһарлары төңірегінде көптеген тың деректер ашылары сөзсіз.



«Түгіскен көсемі»
костюмінің
алтын әшекейлері
түпнұсқа техноло-
гия бойынша жаса-
лыпты. Әшекейлер,
оның ішінде андық
стильдегі эле-
менттер ежелгі
қолөнершілердің
шеберлігін және
әрбір элементтің
қасиетті мағынасын
көрсетеді.

құрылымды мақта маталар едәуір бөлігін алып отыр.

Негізінен, зығардан жасалған мұндай маталар этнографиялық мәліметтер бойынша Шығыс Еуропа халықтары арасында кеңінен қолданылған көрінеді. Біздің жағдайда кесте, күлгін түспен боялған жіппен жасалған.

Жетіасарлық қорғандарда кездестірілген кәріптас түймелер Балтықтан, ақық тас Индиядан, шынылары Сириядан және Мысырдан, ағат геммалар Ираннан, шығыс еуропалық және орталық еуропалық фибулалар мен білезіктер, өзге аскесуарлар Жетіасарлық байланыстардың кең спектрін аңғартады.

СЫР ДАЛАСЫ ШЕЖІРЕГЕ БАЙ

2004-2005 жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Шірік-Рабат қалашығына археолог-ғалым Жолдасбек Құрманқұловтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы архео-

ТАЙҚАЗАН

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Астанадағы ÖzgeEpic креатив хабында ауылдағы білім ошақтарының тыныс-тіршілігіне арналған «Ауыл мектебі» фотокөрмесі ашылды. Бұл көрме шалғай ауылда орналасқан бір мектептің өмірін, ондағы өзгерістерді сипаттайды.

Айдана НҰРМҰХАН

Көрменің басты идеясы — ауыл мектептеріндегі жанашыл бастамаларды көрсету. Фотокөрме өңірлердегі білім ошақтарының жана технологияларды игеруін, бәсекеге ұмтылысын, елдімекеннің дамуына тигізген әсерін, жергілікті тұрғындардың болмысы мен күнделікті тіршілігін айшықтайды. Фотокөрмені ÖzgeEpic креатив хабы ұйымдастырды, Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры (furo.kz) қолдады. Көрмеге қойылған суреттердің авторлары — танымал фотосуретшілер Әйгерім Бегімбет және Сәбина Әбдімәлік.

Жоба кураторы Тоғжан Құрманжанқызының айтуынша, фотокөрме арқылы ауылдарда да түрлі құрал-жабдықтармен қамтылған заманауи мектептер жасақтау мүмкін екенін көрсету мақсаты болған.

«Ауыл мектебі» фотокөрмесінің басты идеясы — ауыл мектептеріндегі жанашыл бастамаларды көрсету, оқушылардың білімге ұмтылысын, жана технологияларды игеру жолындағы жетістіктерін көрнекі түрде көрсету. Фотокөрме өңірлердегі білім ошақтарының тыныс-тіршілігі мен елді мекендердің дамуына тигізетін ықпалын айқын бейнелейтінін ерекше атап өткім келеді. Ауыл үшін бұл мектептер білім беру мекемесі ғана емес, өркениеттің ұясына айналып отыр. Жоба барысында біз мектеп ұжымымен, мектеп директорымен, мектеп оқушыларымен тығыз жұмыс істедік. Осы кезде ауылдағы білім берудің жана дәуірі басталғанын сезіндік. Қаланың озық мектептерінен қалыспайтын, кей жерінде озытын мектептер ауылда да бар екенін көрдік. Сондықтан да біз бұл ізгі өзгерістердің өнер туындысына айналғанын, таралғанын қаладық. Өнер ол тарихтың, қоғамдық өзгерістердің шежіресін жасаушы. Біз қарапайым ауыл мектебі туралы оқиғаның шежіресін жасадық деп ойлаймын. Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы ауылының мысалы арқылы біз шалғай ауылдардың әлеуетіне сендік. Мектептің барлығы осы көрмедегідей оң өзгерістерге бағыт алатынына сенеміз», — дейді Тоғжан Құрманжанқызы.

Фотокөрмені ұйымдастырушы ÖzgeEpic креатив хабы 2019 жылы құрылған, қазіргі таңда еліміздің үш қаласында — Астана, Алматы және Түркістан тұрақты жұмыс істеп келеді. Креатив хабының мақсаты — бәсекеге қабілетті заманауи қазақ өнерін дамыту және қоғамның



ÖZGEEPIC-те — ӨЗГЕШЕ КӨРМЕ

мәдени санасын арттыру, сонымен қатар, дарынды, зияткер жастарға қолдау әрі тәлімгерлік көрсету.

«Біздің мақсатымыз — әлеуметтік-мәдени құндылықтарды жалпы көпшілікке, жастарға жеткізу. Қала және ауыл жастарына мәдени-рухани құндылықтарды тең қолжетімді ету. Осы себептен де бізге Білім саласын тұрақты дамыту қорының ауыл мектептерін дамыту жобасы өте қатты ұнады. Өзіміз жобамыздың концепциясын ұсынып, қолдау ал-



дык. Осылайша қазақстандағы ауыл мектептері туралы алғашқы көрмені өткізіп отырмыз», — дейді ÖzgeEpic директоры Тоғжан Құрманжанқызы.

«Ауыл мектебі» фотокөрмесіне Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры қолдау көрсеткен. Аталмыш қор елімізде ауыл мен қала мектептеріндегі білім сапасы теңсіздігін азайтуға бағытталған жобаларды іске асырады.

«Біз қала мен ауыл арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған коммерциялық емес жобаларды

іріктестер және демеушілермен ынтымақтастыққа ашықпыз», — деді Білім беру саласын дамыту қорының директоры Данияр Токтарбаев.

Фотосуретшілер ретінде ÖzgeEpic креатив хабының түлектері, кәсіби авторлар Әйгерім Бегімбет пен Сәбина Әбдімәлік шақырылған. Шығармашылық топ «Ауыл мектебі» жобасын үш ай зерттеп, зерделеп, жарыққа шығарып отыр.

«Бүгінде фотосурет өнеріне бойлайтын адамдар, әсіресе кәсіби мамандар көп емес. Ал әлеуметтік мәселені, соның ішінде шалғай аймақтардағы ауыл ішін аралап, ондағы тыныс-тіршілікті объективіне сыйдыратын фотосуретшілер тіптен аз. Бұл жобаға сондай бірегей фотографтар Әйгерім Бегімбет пен Сәбина Әбдімәлікті арнайы шақырған болатынбыз. Әйгерім Бегімбет — журналист әрі фотосуретші. «100 жана есім» жобасының жеңімпазы. «Үркер» ұлттық сыйлығының лауреаты. «Тіршілік», «Түркістан әйелдері» фотокөрмелерінің авторы. Ал суретші-фотограф Сәбина Әбдімәліктің жұмыстары Алматы, Атырау, Астана қалала-

шалғайдағы білім беру мекемелерінің зияткерлік әлеуетін көпшілікке танытуға бағытталған шығармашылық жоба.

«Жобаға бізді шақырған кезде, әрине, қуандым. Бір апта бойы оқушы сияқты таңғы 8.00-ден кешкі 19.00-ге дейін мектепке катынап, сабаққа қатысып, асханасынан тамақ ішіп, суретке түсірдік. Заманауи үлгіде жабдықталған мектепте нешәтүрлі үйірме бар. Тіпті телестудия бар. Оқушылар ауылдың жаңалығын жазып, камераға түсіреді, монтаждап, дайын дүниені мектепке қойылған теледидар экранынан көрсетеді. Қызыға да қызғана қарайсың. Біздің бала күнімізде мұндай игіліктер болған жоқ. Түсірілім барысында көптеген шынайы кейіпкермен таныстық. Мектептің тыныс-тіршілігін, ондағы кейіпкерлердің әдемі армандарын боямасыз көрсетуге тырыстық», — дейді фотожурналист.

Көрме барысында фотосуретшілер шығармашылық ойларын ортаға салып, көрменің бірнеше кейіпкерін — Әлихан Бөкейханов атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің ұстаздары мен оқушыларын таныстырды.

Сондай кейіпкердің бірі — 6-сынып оқушысы Ақмаржан Ондасын өзінің «Ақылды экожылыжай» жобасын таныстырған. Ол жетекші ұстазы Кененбаева Гүлшатпен бірге қызғалдақ өсіру үшін жылыжай құрылысын салу және оны өсіру жолдарын зерттеген. «Ең бірінші экожылыжайдың қаңқасын құрып, полиэтилен пакетпен қаптадым. Суды және жарықты үнемдеу мақсатында тамшылатып суару технологиясын пайдаланып, жасанды жарықшамдар орнаттым. Ауаны микроағзалардан тазарту мақсатында ауа ылғалдандыратын конденсатор және температура, жарық,

«Бүгінде фотосурет өнеріне бойлайтын адамдар, әсіресе кәсіби мамандар көп емес. Ал әлеуметтік мәселені, соның ішінде шалғай аймақтардағы ауыл ішін аралап, ондағы тыныс-тіршілікті объективіне сыйдыратын фотосуретшілер тіптен аз. Бұл жобаға сондай бірегей фотографтар Әйгерім Бегімбет пен Сәбина Әбдімәлікті арнайы шақырған болатынбыз.»

рында қойылған. «Түсте» атты жеке фотокөрмесі өткен. Фотөнермен қатар, деректі фильмдер түсірумен айналысатын кәсіби жан», — деп атап өтті Тоғжан Құрманжанқызы.

Бұл көрмеге Жамбыл облысы Жуалы ауданы Бауыржан Момышұлы ауылының Әлихан Бөкейханов атындағы №15 тірек мектеп-лицейінде түсірілген фотосуреттер қойылған. Екі ауысымда 603 бала оқитын білім ошағы бытыр тірек мектептер желісіне қосылыпты, соның аясында материалдық-техникалық базасы толық жаңарған. Сәйкесінше түрлі үйірмелер ашылыпты, қазіргі таңда телестудия, робот техникасы, колөнер шебері, драма өнері, домбыра, шахмат, арт-студия жұмыс істеп тұр. Көрменің фотографы Әйгерім Бегімбеттің айтуынша, «Ауыл мектебі» —

ылғалдылық пен топырақтың ортасын зерттейтін датчиктер орналастырдым. Қызғалдақты арнайы ыдыстарға егіп, жылыжайды жылыту үшін биогазды пайдаланамын» дейді Ақмаржан. Осы жобасымен ол «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған облыстық байқауда 1 орын, республикалық кезеңде 2 орын алған. Ақмаржан мектеп ауласында ғылыми зерттеулер жүргізу үшін шағын жылыжай салынып, ол жерде өзі сияқты жас зерттеушілермен осы идеясын жүзеге асыруды армандайды.

«Ауыл мектебі» — көшпелі көрме. Алдағы уақытта Алматы және Түркістан қалаларында өткізу жоспары бар. Ал елордада күні кеше ашылған фотокөрмені 30 қарашаға дейін тамашалауға болады.

АЙҚЫНДАМА

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

КӨПСАЛАЛЫ АУРУХАНА САЛЫНАДЫ

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Шин-Лайн» компаниясы және Оңтүстік Кореяның Hyundae ауруханасы өкілдерімен кездесті. Бұл жолғы іскерлік жүздесу облыстағы денсаулық сақтау саласын дамытуға қатысты болды. Нақтырақ айтқанда, келелі кездесуде өңірдегі медициналық қызмет сапасын арттыру мен денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған ауқымды әрі аса маңызды жоба – жаңа көпсалалы аурухананың құрылысы жайлы жан-жақты сөз болып, жүзеге асыру жолдары қарастырылды.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Қазақстан бизнесіндегі есімі балмұздақ өндірісі саласындағы өзіндік табысымен, алдыңғы қатардан алатын орнымен дараланатын елге белгілі кәсіпкер Андрей Шин Оңтүстік Кореядағы Hyundae Hospital ауруханасының басшысы, доктор Ким Бу Соппен өзара ынтымақтасты әріптестік орнатып, осы іскерлік қарым-қатынастың нәтижесінде «Шин-Лайн Хёндэ» жобасы дүниеге келіпті. Жаңа жобаны жүзеге асыру мақсатындағы өз ойлары мен жоспарларын Алматы облысының әкіміне жеткізген. Олар Марат Сұлтанғазиевтің командасы тарапынан қолдау тауып, соның арқасында өзара түсіністік жөніндегі келісім жасалыпты. Заманауи медициналық орталық Іле ауданындағы Байсерке ауылында 15 мың шаршы метр аумақта орналастырылмақ және 200 төсек-орыннан тұрмақ. Жалпы құны 72 миллион доллар болатын жоба 2027 жылы аяқталып, кардиология мен нейрохирургияны қоса алғандағы ауыр

наука түрлерін емдеудегі жетекші орынға ие болады деген үміт үлкен.

Доктор Ким атап өткендей, оның Қазақстанмен байланысы 2018 жылы қалыптаса бастапты. Сол жылы ол тегін медициналық көмек көрсету үшін алғаш рет Талдықорғанға барған. Содан бергі кезеңде біздің елдегі денсаулық сақтау саласында көптеген кеңес беріліп, оталар жасалған және 150-ден астам медицина маманы Оңтүстік Кореяда тәжірибеден өтіп келіпті. Соған сай ол өзінің осынау Қазақстандағы медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталған ынтымақтастықты қарым-қатынасын одан ары дамытуға мүдделі екенін білдірді.

«Шин-Лайн» компаниясының қожайыны Андрей Шиннің айтуына қарағанда, жоба тек коммерциялық табыс табуды қарастырмайды, сонымен бірге әлеуметтік міндеттерді шешуге де барынша бейімдестірілген. Оның болжамынша, егер ойға алғандар орындалса, онда Байсеркедегі көпсалалы аурухана медицина саласы бойынша Оңтүстік



Корея мен Қазақстан арасындағы білім және тәжірибе алмасатын тиімділігі жоғары орталыққа айналады. Жобаның аса маңызды мақсаты – жергілікті мамандардың білімін заман талабына сай жетілдіру болып саналмақ.

Жобаны жүзеге асыру барысында 400 жаңа жұмыс орны ашылып, 700 миллион доллар мөлшеріндегі экономикалық тиімділік қамтамасыз етіледі. Алматы облысының әкімі «Шин-Лайн Хёндэ»

жобасы табысты халықаралық ынтымақтастықтың үлгісіне айналып, өңірге инвестиция тартуға жол ашатындығын айрықша атап өтті. Кездесу соңында «Шин-Лайн» және Hyundae Hospital арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол қойылды.

Осылайша, алдағы кезде Байсерке ауылында Hyundae Shin-Line Hospital жаңа жоба бойынша заманауи емхана салынады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университетке қарасты «Яссы» қонақүйінің кіреберісіне кафель төсеу, витраж есіктерін ауыстыру жұмыстарына сатып алу өткізу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

- Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
- Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
- Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
- Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
- Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
- Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқтығы туралы анықтамасы;
- Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 15.11.2024 (15:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университетке қарасты «Кентау кампусының» №4 оқу ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарына сатып алу өткізу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

- Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
- Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
- Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
- Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
- Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
- Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқтығы туралы анықтамасы;
- Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.11.2024 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

ДОДА

9 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

ТОЛҚЫННАН
ТОЛҚЫН ТУАДЫ...

Бокстан 22 қазан – 3 қараша күндері аралығында Черногорияның Будва қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионаты қазақстандық спорт үшін тарихи жетістіктерімен есте қалды. Қазақстан құрамасы алғаш рет жалпы есепте бірінші орынға шығып, әлемдік деңгейде өз күшін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл жеңіс қазақ боксының тұрақты дамуы мен білікті жас таланттардың келешегінің жарқын екенін көрсетеді.

А Әсет ҚАЛИ

Чемпионатта Қазақстанның 25 жас боксшысы ел намысын қорғауға шықты, олардың көпшілігі жеңіс тұғырынан көрініп, ерекше нәтиже көрсетті. Нәтижесінде, қазақстандық боксшылар 6 алтын, 1 күміс және 10 қола медаль жеңіп алды. Бұл — ел тарихындағы үздік көрсеткіш. Айта кетсек, бұған дейін жоғарғы көрсеткішіміз тек 2 алтынмен шектелген еді. 2018 жылы Венгрияда және 2021 жылы Германияда өткен дүбірлі дода-лардан Қазақстан 2 алтынмен оралды. Жалпы есепте топ жарып, Қазақстан құрамасы Өзбекстан, Ресей, Қытай, Ирландия секілді бокстағы қарымы күшті мемлекеттерді артта қалдырды. Нәтижелік кесте де осыны айқын көрсетеді:

1. Қазақстан — 6 алтын, 1 күміс, 10 қола
2. Өзбекстан — 5 алтын, 5 күміс, 3 қола
3. Ресей — 5 алтын, 2 күміс, 1 қола

Халықаралық бокс қауымдас-тығы жеңімпаздар мен жүлдегер-лерге ақшалай сыйақы тағайын-даған еді. Нақтырақ айтқанда, бірінші орынға — 8 мың, екінші орынға — 4 мың, ал үшінші орынға 2 мың доллардан табыстады.

**БІРДЕ-БІР РЕТ
ЖЕҢІМЕГЕН**

Дүбірлі додада ұлттық құрама-ның капитаны Төрехан Сабырхан алғашқы алтынды қоржынға са-лып, сәттімен ұласқан жолымызды бастап берген еді. Финалдық бөсекегеде кубалық боксшыны қапы қалдырып, мерейін үстем етті.

Финалдық кездесу Төрехан үшін осы жарыстағы ең қиын жекпе-жек болды деуге болады. Өйткені кубалық Дэвид Эспиноса бірінші раунд басталғаннан-ақ шабуыл мен қарымта шабуылын үдетіп, қазақ боксшысын біраз тығырыққа тіреді. Десе де, Төрехан ерекше стилінің арқасында қор-ғаныста да, шабуылда да сауатты әрекет етіп, үш раунд бойы ба-сымдықты уыстан шығарған жоқ. Нәтижесінде, 4-1 есебімен қарсы-ластан басым түсті. Осылайша, асқан шеберлігінің арқасында әлем чемпионатының ең үздік боксшысы атанды.

Турнир барысында Төрехан осы әлем чемпионатының фи-налына дейін Черногория, Ау-ғанстан, Өзбекстан және Қытай боксшыларын оңай жеңген бо-латын.

Айта кететін жайт, Төрехан Сабырхан бокстан жасөспірімдер мен жастар арасындағы тарихтағы тұңғыш төрт дүркін Азия чемпио-ны. Одан бөлек, Төрехан — укра-иналық боксшы Василий Лома-ченкоға ұқсас жекпе-жек стилі үшін «қазақтың Ломаченкосы» атанып кеткен Махмуд Сабыр-ханның інісі.

— Бұл жігіттерді қыркүйек айында қабылдап алдым. Екі айдың көлемінде толық дайын-дыктан өткен, боксшыларымыз бар күш-жігерін салды. Мен үшін ең жауапты сәт спортшыларымыз-дың нәтижесі болды. Сонымен қатар әлем чемпионаты бір жағы-нан сынақ болса, екінші жағынан болашақ чемпиондардың дайын-дығын білуде ерекше маңызды. Жарыс ойымыздан шығып, Алла-ның калауымен жақсы нәтижеге

кол жеткіздік. Осы уақытқа дейін жаттықтырған Қайрат Сатжанов ағаның дайындығын да атап өткім келеді. Қазір жігіттердің физика-лық жағдайының жақсы болуында бас бапкерлердің үлесі бар, — деп аға бапкер Максат Бақтыбазаров әлем чемпионатындағы ерлер құрамасының нәтижесін қоры-тындылады.

**ҚЫЗДАР ДА
ЖАРАП ТҮР**

Қазақстанда қыздар боксы біртіндеп дамып, жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Елянур Турғанова (50 келі) мен Аружан Зейноллаева (81 келі) өз салмақ дәрежелерінде қарсыластарын айқын басым-дықпен жеңіп, алтын медальға ие болды. Осы жетістіктер олардың Қазақстанда ғана емес, әлемдік аренада да мықты спортшылар



— Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көріну — мен үшін үлкен мәртебе және үлкен жауапкершілік. Жалпы жарыс өте тар-тысты әрі қызықты өтті. Бұл жеңіс тек менің емес, мені қолдаған жат-тықтырушыларымның, отбасымның және барша Қазақстанның жеңісі деп білемін.

қатарында екенін дәлелдеді. Еля-нур мен Аружан күрделі жекпе-жектерде қарсыластарының ша-буылдарына табанды төтеп беріп, шебер тактикалық ойыны мен күшті физикалық дайындығы арқасында жеңіс тұғырынан кө-рінді.



— Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көріну — мен үшін мәртебе және үлкен жауапкершілік. Жалпы жарыс өте тар-тысты әрі қызықты өтті. Бұл жеңіс тек менің емес, мені қолдаған жаттықтырушыларымның, от-басымның және барша Қазақ-станның жеңісі деп білемін. Әр жекпе-жек оңай болмады, бірақ мен өз елімнің намысын қорғап, жеңіске жету үшін бар күш-жігерімді салдым, — дейді Аружан Зейноллаева.

Оның сөзінше, бұл жеңіс — алға қойған мақсатқа жету жолындағы мотивация. Аружанның алдағы асулары Азия чемпионаты мен 2028 жылғы Олимпиада ойын-дарында топ жару болып отыр. Чемпион қызымыздың биік шын-

топ жарып, қоржынымыз медальға толғанына қатты қуанып жатыр-мыз. Жарысқа әртүрлі салмақ дәрежесінде 12 боксшы қызымыз қатысып, оның 9-ы жүлделі орын-дарға ие болды. 2 алтын, 1 күміс, 6 қоламен осы әлем чемпионатын керемет деңгейде өткіздік деп ой-лаймын, — дейді қыздар құрама-сының аға бапкері Жангелді Ах-метов.

**БАРЛЫҒЫ
АУЫЗБІРШІЛІКТІҢ АРҚАСЫ**

— Осы тарихи жетістікке негіз болған бірнеше фактор бар. Біз көбіне спортшылардың дайын-дығын айтамыз. Мамандардың біліктілігін айтамыз. Оның сыр-тында жасалып жатқан жағдайлар тағы бар. Ал ең негізгі фактор деп ауызбіршілікті алға тартар едім. Өйткені әлем чемпионатына әзір-ліктен бастап бақылап жүрмін. Жарыстың басы-қасында да бол-дым. Қазақ боксының тарихи же-тістігіне негіз болған ең басты фактор — ауызбіршілік, — дейді спорт журналисі Аслан Қаженов.

Журналистің пікірінше, бұл жетістікте барлық қатысушының еңбегі бар. Президенттің Париж Олимпиадасынан кейін реформа-лар туралы тапсырмасынан бастап, спортқа жауапты министрлік, Қазақстан бокс федерациясының басшылары, бапкерлер, дәрігер-лер, массажистер, диетологтар, психологтер, спортшылар мен ата-аналар — барлығы жұмыла әрекет етудің арқасында осындай тарихи нәтиже тіркелді.

«Қазақ боксы тірі. Ол әрдайым болған және бола береді. Осындай ізбасарларымыз тұрғанда әлі талай биіктерді бағындырамыз», — деді Аслан Қаженов.

**AIQYN**

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4519
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы еңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар —
Айдана НҰРМУХАН,
Камила ЕРКІН